

2

Өңірдегі энергетика мәселелері талқыланды

7

Кәсіби шеберлік және тұрғындардың алғысы

16+

DIDAR

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

«DIDAR» ГАЗЕТІ

SHYGYS AQPARAT

ТАУАР МАРКАСЫМЕН ҰСЫНЫЛҒАН

Altainews

MEDIA CENTRE

1931 жылдың 24 қазанынан шығады

№25 (18585)

18 маусым 2026 жыл

WWW.DIDARGAZETI.KZ

6

ШЫҒЫСТЫҢ ҮЗДІК

ӨНДІРУШІЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

10

Ұлтының бес асылын ұлықтаған

#ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Өңірдегі энергетика мәселелері талқыланды

✍ Айдос Мырзахметов
📷 Нелли Ахмерова

Өңірде қыс мезгілінде дауылдан кейін жарықтың жиі сөнуіне электр желілерінің уақтылы салынбауы мен жабдықтардың ұрлануы себеп болып отыр. Бұл мәселе облыс әкімдігінің кезекті отырысында талқыланып, өңір басшылығы тарапынан жауапты иелік нысандағына нақты тапсырмалар жүктелді.

– Жылу, электр саласы халықтың өмір сапасымен тығыз байланысты сала. Біз әрдайым бұған басымдықпен қараймыз. Бұл салада қаржы мәселесін дұрыс пайдаланбау, жеңіл қарау, жанашырлық танытпау жағдайлары жоқ. Қысқы мерзімде дауыл соқса, жарық сөне береді. Мұның соңында электр жабдықтау желілерінің дұрыс, уақтылы салынбауы, ұрлық мәселесі тұр. Қосалқы станцияны жасап, оны кейін «ұрландыға» жаза салады. Алдағы уақытта мұндай әрекеттер болмайды, – деді облыс әкімі. Өңір басшысы қала және аудан әкімдеріне Энергети-

ка және Экономика басқармаларымен бірлесіп, иесіз электр желілерін энергия тасымалдаушы ұйымдардың балансына беру жұмыстарын пысықтауды тапсырды. Сондай-ақ 2026–2027 жылдарға арналған бюджеттерде бұл жұмыстарға қажетті қаржы қарастыруды және электр энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту мен салуға бағытталған жобалардың қаржылық қамтамасыз етілуін тұрақты бақылауда ұстауды міндеттеді. Облыстық Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Наурызбай Сармурзиннің айтуынша, бүгінде өңірдің энергетикалық кешенінде 10 энергия көзі жұмыс істейді. Оның ішінде 7 су электр станциясы мен 3 жылу электр орталығы бар. Барлық энергия көздерінің жиынтық қуаты 1585,9 мегаваттты құрайды. Биылғы алғашқы төрт айда облыста 2,6 миллиард кВт/сағат электр энергиясы өндіріліп, тұтыну көлемі 2,1 миллиард кВт/сағатқа жеткен. Соның нәтижесінде 220 миллион кВт/сағат көлемінде электр энергиясының профициті қалыптасқан. – Облыстың энергетика саласын дамыту жоспарына

сәйкес 2030 жылға дейін жалпы қуаттылығы 670,6 мегаватт болатын жаңа энергетикалық нысандар іске қосылады. Оның ішінде қолданыстағы энергия көздерін жаңғырту арқылы 162 мегаватт, ал жаңа жобалар арқылы 508,6 мегаватт қуат енгізу көзделген, – дейді басқарма басшысы. – Ірі жобалардың қатарында Өскемен қаласында қуаттылығы 360 мегаватт болатын жаңа ЖЭО-3 құрылысы бар. Сонымен бірге облыстың бес ауданында жалпы қуаты 148,6 мегаватт болатын тоғыз шағын су электр станциясын салу жоспарланған. Наурызбай Сармурзин өңірдегі негізгі түйтіктердің бірі – «Зайсан сақинасы» деп аталатын 110 кВ электр желісі екенін атап өтті. Ұзындығы 1209 шақырым болатын бұл желі арқылы облыстың сегіз ауданы электр қуатымен қамтамасыз етіледі. Алайда жүктеме артқан кезде кернеу деңгейі төмендейді. Бұл мәселені шешу үшін алдағы уақытта бірқатар ірі жоба жүзеге асырылады. Өскемен қаласында да электр энергиясына сұраныс жыл сайын артып келеді. Алдағы бес жылда қосымша жүктеме көлемі 158 мегаваттқа жетуі



мүмкін. Осыған байланысты жаңа жылу электр орталығын қолданыстағы желілерге қосу және қосалқы станцияларды жаңғырту көзделген. Энергетикалық қауіпсіздікті күшейту мақсатында облыста иесіз қалған электр желілерін энергетикалық ұйымдардың балансына беру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қазіргі уақытта олардың бір бөлігі ғана қабылданған, қалған нысандар бойынша техникалық құжаттарды қалпына келтіру жалғасуда. Электр желілерінің тозуын төмендету үшін табиғи монополия субъектілерінің

инвестициялық бағдарламалары мен ұлттық жоба аясында ауқымды жұмыстар қолға алынбақ. 2026 жылы 131,8 шақырым электр желісі жаңғыртылып, 96 қосалқы станцияның жабдығы ауыстырылады. Ал 2027 жылы жалпы құны 42,3 миллиард теңгені құрайтын сегіз жоба іске асырылады. Сондай-ақ, басқарма басшысы энергетика саласын цифрландыру мәселесіне тоқталып, электрмен және жылумен жабдықтауды дамыту сұлбаларын әзірлеу жоспарланып отырғанын жеткізді.

#ӘКІМДІК ОТЫРЫСЫ

«Инвесторға кедергі емес, қолдау керек»

✍ Дәурен Аллабергенұлы
📷 Махаббат Әукенова

Облыста инвестиция тарту және ірі жобаларды іске асыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. 2026 жылдың алғашқы төрт айының қорытындысы бойынша өңірде негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 202 млрд теңгені құрады. Нақты көлем индексі 108,7 пайызға жетіп, инвестициялық белсенділіктің оң серпінін көрсетті. Бұл жөнінде облыстық әкімдіктің кезекті отырысында айтылды.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша облысқа тартылған тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 1,75 млрд АҚШ долларын құрап, 2024 жылғы көрсеткіштен 3,1 есеге артты. Осы нәтижемен Шығыс Қазақстан өңірлер арасында бесінші орынға көтерілді. Бұл көрсеткіш бойынша облыс тек Алматы және Астана қалаларына, сондай-ақ Атырау және Түркістан облыстарына ғана жол беріп отыр. Облыстық туризм және инвестициялар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ирина Смиттің мәлімдеуінше, бүгінде өңірдің инвестициялық портфелі жалпы құны 1,46 трлн теңгені құрайтын 100 жобаны қамтиды. Оларды жүзеге асыру нәтижесінде 10,6 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Жобалардың басым бөлігі энергетика, тау-кен металлургиясы және агроөнеркәсіптік кешен салаларына тиесілі. – Биыл жалпы құны 73,9 млрд теңгені құрайтын 18 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Оның ішінде бес жоба пайдалануға берілді. Сонымен қатар жыл басынан бері жалпы құны 320,2 млрд теңгені құрайтын 23 жаңа жобаны инвестициялық пулға енгізу жұмыстары жүргізілді. Облыста Бірыңғай индустрияландыру картасы аясында 15

инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Алайда, кейбір жобалар бойынша тиісті жұмыстардың жүргізілмеуіне және проблемалық мәселелердің шешілмеуіне байланысты төрт жоба Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға енгізілмеген, – деді Ирина Смит. Инвестициялық келісімшарттар аясында мемлекеттік қолдау алған сегіз жоба іске асырылуда. Олардың қатарында өсімдік майын өндіру зауыттарын салу, мал шаруашылығын дамыту, өндірістік кәсіпорындарды жаңғырту, туристік және қонақүй кешендерін тұрғызу бағытындағы жобалар бар. Атап айтқанда, Самар ауданындағы марал және мал шаруашылығын дамыту жобасы, Катонқарағай ауданындағы Wellness Resort сауықтыру кешені, Өскемендегі Prime Fats және Altai Mai өндірістік жобалары өңір экономикасы үшін маңызды бастамалар санатында. Туризм саласында да жаңа инвестициялық жобалар қолға алынуда. Биыл Катонқарағай ауданында құны 8 млрд теңге болатын 218 орындық Wellness Resort санаторийлік-сауықтыру кешені құрылысы басталады. Сонымен қатар PANA ASIA компаниясы Катонқарағай ауылында 10 млрд теңгеге туристік ауыл салуды жоспарлап отыр. Компания Сарыбел ауылында халықаралық деңгейдегі қонақүй тұрғызуға да ниетті. Ал Өскемен қаласында құны 17 млрд теңге болатын Hilton Garden Inn қонақүйін салу жобасы да пысықталуда. Инвестициялық жобаларды сүйемелдеуде Өңірлік инвестициялық штабпен Өңірлік үйлестіру кеңесінің жұмысы маңызды рөл атқарады. Биыл Өңірлік үйлестіру кеңесінің бір отырысы өткізіліп, жалпы құны 28,2 млрд теңгені құрайтын үш жоба қаралды. Оның ішінде екі жоба инвестициялық жоба мәртебесін алды. Атап айтқанда, Өскемен қаласының сол жағалау бөлігінде қонақүй үлгісіндегі коттедж қалашығын салу және «Қаршығын» кен орнында катодты мыс өндіретін зауыт салу жобалары қолдау тапты. Қазіргі уақытта кеңестің қарауында

жалпы құны 14,2 млрд теңгені құрайтын тағы үш жоба бар. Олардың қатарында Ұлан ауданында мал шаруашылығы қалдықтарын терең өңдеу зауытын салу, құс фабрикасын ашу және Катонқарағай ауданында туристік демалыс базасын құру бастамалары бар. – Жобаларды қарау барысында кемшіліктер де анықталуда. Кейбір аудандар мен қалалар әкімдіктері ұсынатын құжаттардың талаптарға толық сәйкес келмеуі салдарынан төрт инвестициялық жоба қосымша пысықтауға қайтарылды. Олардың қатарында Самар ауданындағы сүт-тауар фермасы, Өскемендегі авиациялық ангар құрылысы, Күршім ауданындағы агроөнеркәсіптік жоба және Зайсан ауданындағы бөтелкеленген ауыз су өндірісі бар, – деді Ирина Смит. Өңірдегі инвестициялық өсімнің маңызды резервтерінің бірі – «Altai Invest» алаңы аясында жасалған меморандумдар мен келісімдер. Қазіргі уақытта жалпы құны 739,6 млрд теңгені құрайтын 38 меморандум мен келісімнің орындалуы бақылауда тұр. Оның тоғыз жобасы Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға енгізілген. Арасында ағаш өңдеу, туризм, құрылыс материалдарын өндіру, балық шаруашылығы және жаңартылатын энергия көздері салаларындағы ірі жобалар бар. Бүгінде 10 жоба белсенді іске асыру кезеңіне өткен. Тағы 17 жоба дайындық сатысында болса, тоғыз жоба бойынша орындалмау тәуекелі сақталып отыр. Бұл ретте жер учаскелерін рәсімдеу, қаржыландыру тарту және жобалық құжаттарды әзірлеу мәселелері өзекті болып қалуда. Мамандар пікірінше, жекелеген мемлекеттік органдар тарапынан инвестициялық жобаларды сүйемелдеу жұмыстарының жеткіліксіздігі өңірдің инвестициялық тартымдылығына әсер етуі мүмкін. Оның үстіне, 2026 жылғы 1 маусымнан бастап «Kazakh Invest» ұлттық компаниясының өңірлік блогы таратылғандықтан, инвесторларды қолдау мен ведомствоаралық үйлестіру бойынша жауапкершілік жергілікті атқарушы

органдарға жүктеліп отыр. Күн тәртібіндегі негізгі мәселенің орындалу барысына тоқталған аймақ басшысы Нұрымбет Сақтағанов инвест жобалар облысқа қорғауға жолданғанда толықтай дайын келуі керектігін атады және жобалары кері қайтарылған аудандар басшыларынан нәліктен орындалмау себептерін нақтылады. – Бұл бағыттағы ең негізгі мәселе – қажетті құжаттардың сапалы әрі толық дайындалуы. Кей жағдайда құжаттар толық болмағандықтан, оларды қайтадан түзетуге және толықтыруға қайтаруға тура келеді. Сондықтан аудан әкімдіктері мен жауапты мамандар құжаттарды әзірлеу барысында барлық талаптарды мұқият сақтауы қажет. Сонымен қатар жер мәселесіне қатысты бірқатар сұрақтар туындап отыр. Жер құнының өсуіне байланысты қосымша келіссөздер жүргізілуде. Осыған байланысты, барлық құжаттарды жан-жақты зерделеп, заң талаптарына толық сәйкестігін қамтамасыз ету қажет, – деді өңір басшысы. Аймақ әкімінің айтуынша, жобалар бойынша барлық құжаттар алдын ала сапалы дайындалуы тиіс. Егер құжаттарда кемшіліктер анықталса, бұл жобалардың қаралу мерзімін ұзартып, кәсіпкерлердің жұмысқа деген ынтасына кері әсерін тигізеді. – Сондықтан облыстық туризм және инвестициялар басқармасына, қала мен аудан әкімдерінің орынбасарлары мен жауапты мамандарға құжаттарды дайындау сапасын күшейтуді тапсырамын. Әрбір жоба бойынша жауапты тұлғалар бекітіліп, олардың жауапкершілігі нақты айқындалуы қажет. Құжаттарды сапасыз дайындау фактілері қайталанған жағдайда, жауапты қызметкерлерге қатысты тәртіптік шаралар қолданылатынын ескертемін. Біз кәсіпкерлерді әуруге салмауымыз, бір-бірімізге сілтемеуіміз керек. Салаға жауапты облыс әкімінің орынбасары Бақытжан Байахметовке барлық шаруаны жауапкершілікке алып, уақыт оздырмай пысықтауды, жобаларды қысқа мерзімде ретке келтіруді тапсырамын, – деді облыс әкімі.

#«ҮЛКЕН АЛТАЙ – 2026»

Өңіраралық байланыстарға жаңа серпін берілді

ШҚО әкімдігінің баспасөз қызметі

Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық серіктестік өңірлік деңгейде де жаңа мазмұнмен толығып келеді. Шығыс Қазақстан делегациясы Қытайда бірқатар маңызды кездесулер өткізіп, инвестиция, көлік-логистика, туризм және өнеркәсіп салаларындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелерін талқылады. Алтай қаласында өткен «Үлкен Алтай – 2026» халықаралық конференциясы мен екіжақты келіссөздерде өңірдің экономикалық әлеуеті таныстырылып, жаңа инвестициялық жобаларға жол ашылды.

Қытайға жұмыс сапары аясында облыс делегациясы Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы Тарбағатай округінің өкілдерімен кездесіп, ынтымақтастық келешегін талқылады. Тараптар инвестиция, өнеркәсіп, туризм және мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамыту мәселелеріне назар аударды.

Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов Тарбағатай округі партия комитетінің хатшысы Чжи Сяньвэймен кездесуде Қазақстан мен Қытай арасындағы әріптестік нығайып келетінін атап өтті.

– Қазақстан мен Қытай – тату көрші, сенімді серіктес мемлекеттер. Мемлекет басшылары арасындағы өзара сенім мен достық қарым-қатынастың арқасында екі ел ынтымақтастығы дамып келеді. Шығыс Қазақстан үшін Қытай маңызды серіктестердің бірі саналады. Әсіресе, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының шекаралас өңірлерімен қалыптасқан өзара байланыстардың маңызы зор, – деді облыс әкімі.

Кездесуде өңірдің экономикалық және инвестициялық әлеуеті таныстырылды. Шығыс Қазақстан табиғи ресурстарға бай. Қазақстандағы су қорының 40 пайызы біздің өңірде шоғырланған, бұл гидроэнергетика саласын дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ облыстағы Өскемен титан-магний комбинатының өнімдері авиация индустриясының көшбасшылары – Boeing мен Airbus компанияларына жеткізіледі. Қазақстандық титанның әлемдік нарықтағы үлесі – 16 пайыз.

Туризм саласындағы әріптестік те сөз болды. Шығыс Қазақстанның бірегей табиғаты мен тарихи-мәдени мұрасы туризмнің түрлі бағытын дамытуға қолайлы жағдай қалыптастырып отыр.

Чжи Сяньвэй инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға және мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейтуге қызығушылық білдірді.

Кездесу қорытындысында тараптар ынтымақтастықты тереңдетуге дайын екендерін білдіріп, естелік сыйлықтармен алмасты.

ШЫҒЫСТЫҢ ӘЛЕУЕТІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы Алтай қаласында «Үлкен Алтай – 2026» халықаралық субөңіраралық ынтымақтастық конференциясы өтті. Оған Қазақстан, Қытай, Ресей, Моңғолия, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан делегациялары қатысты. Шара жұмысына аймақ басшысы Нұрымбет Сақтағанов бастаған облыс делегациясы да қатысып, өңірдің инвестициялық және экономикалық әлеуетін таныстырды.

Конференцияны ашқан Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы партия комитетінің хатшысы Чэнь Сюэцзян қатысушы-



ларға алғыс білдіріп, мемлекеттер мен өңірлер арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге, бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайын екендіктерін атап өтті.

Жиында сөз алған Нұрымбет Сақтағанов Үлкен Алтай кеңістігіндегі әріптестікті нығайтудың маңызына тоқталып, өңірдің көлік-логистикалық, туристік және инвестициялық мүмкіндіктерін таныстырды.

– Алтай – Қазақстан, Қытай, Ресей және Моңғолия халықтарын біріктіреді. Бүгінде ол табиғи бай мұрасы ауқымды инвестициялық және инфрақұрылымдық жобалармен үйлесім тапқан жаңа мүмкіндіктер мекеніне айналууда. Шығыс Қазақстан үшін 2026-2027 жылдары «Біздің ортақ үйіміз – Алтай» халықаралық үйлестіру кеңесіне төрағалық ету – үлкен мәртебе. Біз бұл жауапты міндетті өзара іс-қимылды жандандыруға, серіктестік байланыстарды нығайтуға және Үлкен Алтай өңірлері арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге берілген мүмкіндік ретінде қарастырамыз, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Аймақ басшысы баяндамасында Шығыс Қазақстанның Қытай, Ресей, Моңғолия және Орталық Азия елдерін байланыстыратын маңызды көлік-логистикалық хаб ретіндегі рөлін күшейтуге бағытталған жұмыстарға назар аударды. Осы бағытта өңірде ауқымды инфрақұрылымдық жобалар іске асуда. Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2024 жылы Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін Орталық Азиядағы ең ірі көпір пайдалануға берілді. Соңғы үш жылда облыста 1,5 мың шақырымнан астам автомобиль жолы жөнделді. Катонқарағай мен Зайсан аудандарында әуежайлардың құрылысы жүруде.

– Аталған жобалардың нәтижесі қазірдің өзінде сезіліп жатыр. Негізгі көлік дәліздері арқылы жүк тасымалдау уақыты бір тәулікке жуық қысқарды. Қытаймен шекарадағы «Майқапшағай» автокөлік өткізу бекеті жаңғыртылуда. Алдағы уақытта Ресеймен шекарадағы «Үбі» өткізу пункті жаңғыртылып, Шемонаиха ауданындағы Үлбі өзені арқылы өтетін көпір жөнделеді. Біз жыл сайын 1 миллионға дейін турист қабылдауға дайынбыз. Марқакөл мен Катонқарағайдан бөлек, Риддер қаласының маңы мен Бұқтырма су қоймасының жағалауы да – өңірдің туристік бағыттары. Қытай, Ресей және Моңғолия инвесторларын облыс аумағында туристік инфрақұрылым қалыптастыруға бағытталған жобаларды бірлесе іске асыруға шақырамыз, – деді облыс әкімі.

Конференция жұмысы панельдік сессияларда жалғасты. Онда облыстың басқарма басшылары мен аудан әкімдері өңірдің даму басымдықтарын таныстырды. Сонымен қатар делегация мүшелері B2B форматындағы кездесулерге қатысып, шетелдік әріптестермен инвестициялық ынтымақтастықтың

жаңа бағыттарын талқылады.

Халықаралық конференция Үлкен Алтай кеңістігіндегі экономикалық байланыстарды нығайтып қана қоймай, өңірлер арасындағы сауда, көлік, туризм және инвестиция салаларындағы ықпалдастықты жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін алаңға айналды.

ЖАҢА ИНВЕСТЖОБАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс делегациясы бірқатар маңызды кездесу өткізіп, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және инвестициялық байланыстарды нығайту бағытындағы бастамаларды талқылады.

Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов Моңғолия премьер-министрінің орынбасары Нямтайширын Номтойбаярмен жүздесіп, Өскемен – Баян-Өлгей әуе рейсінің іске қосылуының маңызын атап өтті. Бұл бастама қос тарап үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашпақ. Сонымен қатар облыс әкімі Зайсан мен Катонқарағайда екі әуежайдың құрылысы жүріп жатқанын, жол және логистика бағытындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру жайын сөз етіп, Нямтайширын Номтойбаярды Шығысқа шақырды.

Ал Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы Алтай округі халық үкіметінің басшысы Кәрімбек Мұхтармен кездесуде Шығыс Қазақстанның әлеуетін жан-жақты таныстырды. Бүгінде Үлбі металлургиялық зауыты бериллий өндірісі бар әлемдегі үш кәсіпорынның қатарына кіреді. Бұл – ТМД-дағы тантал өнімдерін шығаратын жалғыз кәсіпорын, атом электр станциялары үшін уран отынын өндіретін бірегей зауыт. Сондай-ақ Шығыс Қазақстан – өсімдік майы, бал және марал пантысы өндірісі бойынша елде көшбасшы.

– Екі ел басшыларының достық қарым-қатынасы арқасында кәсіпкерлер мен туристерге қажетті жағдайлар жасалуда. Осындай халықаралық іс-шаралар аясында өңірімізге инвесторларды шақырамыз. Оларға көмек көрсетуге дайынбыз. ынтымақтастығымыз жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, бірлескен бастамалар әріптестікті дамытуға негіз болады, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Кәрімбек Мұхтар өзара достыққа жоғары мән беретіндерін айтып, Қытай мен Қазақстан арасындағы визасыз режимнің арқасында серіктестіктің күшейе түскенін жеткізді.

Бұдан соң облыс әкімі Jinlu Environmental Technology және Fuyun County Civil Explosive Materials Sales сияқты қытайлық компаниялар өкілдерімен B2B форматында келіссөз жүргізді. Онда балық шаруашылығы өнімдерін экспорттау, Өскеменде қоқыс сұрыптау және көлік құрастыру зауыттарын салу мүмкіндіктері талқыланды.

«DIDAR» ақпарат

САЛЫҚ

АЗАМАТТАР МЕН БИЗНЕСКЕ ҚОЛАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Өскемен қаласында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Төрағасы Жандос Дүйсембиевтің облыс тұрғындарымен ашық кездесуі өтті.

Іс-шара «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында ұйымдастырылып, мемлекеттік органдар, азаматтар және өңірдің бизнес қауымдастығы арасындағы ашық диалогты дамытуға бағытталды.

Кездесу барысында Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы қатысушыларды мемлекеттік кірістер органдары қызметінің негізгі бағыттарымен, салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіру бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және заманауи ақпараттық жүйелерді дамыту жөнінде қабылданып жатқан шаралармен таныстырды.

– Бүгінде біздің алдымызда бюджетке түсетін түсімдердің толықтығын қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар азаматтар мен бизнес үшін барынша қолайлы жағдай жасау міндеті тұр. Салық және кеден салаларында жүзеге асырылып жатқан барлық өзгерістер рәсімдерді жеңілдетуге, ашықтықты арттыруға және мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған, – деп атап өтті Жандос Дүйсембиев.

Кездесу барысында салық және кеден заңнамаларындағы маңызды өзгерістерге, мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру мәселелеріне, кәсіпкерлік қызметті жүргізуге қолайлы жағдайлар жасауға, адал салық төлеушілерді қолдауға және халықпен, бизнеспен өзара іс-қимылдың сервистік моделін одан әрі дамытуға ерекше назар аударылды.

Кездесу ашық диалог форматында өтті. Облыс тұрғындары, бизнес өкілдері, қоғамдық бірлестіктер мен сарапшылар қауымдастығының мүшелері өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіру бойынша ұсыныстарын айтып, мемлекеттік кірістер органдарымен өзара іс-қимыл барысында туындайтын өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік алды.

– Біз үшін кері байланыс өте маңызды. Ашық диалог азаматтар мен кәсіпкерлердің сұраныстарын тереңірек түсінуге, туындайтын мәселелерге дер кезінде ден қоюға және экономиканың дамуына әрі мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартуға ықпал ететін шешімдерді бірлесіп әзірлеуге мүмкіндік береді, – деп атап өтті комитет төрағасы.

Кездесу қорытындысында Жандос Дүйсембиев тұрғындар тарапынан қойылған барлық сұрақтарға жауап беріп, азаматтарды жеке қабылдады.

#OPEN AIR SARYBEL – 2026

Бес мыңнан астам қонақ Бұқтырма жағалауында жаз маусымын ашты

✍ Дәурен Аллабергенұлы
📍 Самар ауданы әкімдігі

Самар ауданындағы Бұқтырма су қоймасының жағалауында жазғы туристік маусымның ашылуына арналған Open Air Sarybel фестивалі ұйымдастырылды. Ауқымды мәдени-туристік шараға Астана, Алматы, Павлодар, Өскемен қалаларынан және еліміздің өзге өңірлерінен келген 5 мыңнан астам қонақ жиналды.



Фестивальдің басты мақсаты — өңірдің туристік әлеуетін таныту және Бұқтырма жағалауын ішкі туризмнің тартымды бағыттарының біріне айналдыру. Іс-шара барысында қонақтарға түрлі форматтағы ойын-сауық бағдарламалары ұсынылды. Атап айтқанда, холи бояулары шоуы, көбік кеші, танымал қазақстандық орындаушы Say Моның концерті және мерекелік отшашу кештің көркін қыздырды.

Шара тек мәдени бағдарлама ғана емес, сонымен қатар өңірлік кәсіпкерлікті дамыту алаңы ретінде де ерекшеленді. Фестивальге Өскеменнен, Самар, Күршім және Катонқарағай ау-

дандары, сондай-ақ Абай облысының Көкпекті ауданынан арнайы 33 кәсіпкер ат терлете жетіп, келушілерге қызмет көрсетті. Сауда алаңдарында ұлттық тағамдар мен заманауи көше тағамдарының 40-тан астам түрі ұсынылды. Қонақтар арасында кәуап, палау, нантоқаш өнімдері, балмұздақ, тәтті мақта, қымыз, жаңа піскен жемістер мен көкөністерге ерекше сұраныс байқалды.

Фестиваль барысында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге облыстық Төтенше жағдайлар департаменті, Полиция департаменті және арнайы жасақтар жұмылдырылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, Open Air Sarybel алдағы уақытта жыл сайын өткізілетін дәстүрлі туристік-мәдени оқиғаға айналады. Бұл бастама Бұқтырма жағалауының жазғы демалыс аймағы ретіндегі тартымдылығын арттырып, Самар ауданының туристік брендин қалыптастыруға ықпал етпек.

Өңірде туризмді дамыту — негізгі басым бағыттардың бірі. Облыс басшылығының тапсырмасына сәйкес, туристік инфрақұрылымды жетілдіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Атап айтқанда, Миролюбовка – Сарыбел автожолын жөндеу жұмыстары

аяқталуға жақын. Сонымен қатар, демалыс аймақтарында санитарлық тораптар орнату қолға алынған.

Соңғы жылдардағы инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары да қарқынды. Былтыр Миролюбовка ауылында медициналық пункт салынса, биыл демалушылардың қауіпсіздігін күшейту үшін төтенше жағдайлар қызметі жаңа катерлермен және заманауи техникамен толықтырылған. Бұдан бөлек, Сарыбел және Новостройка ауылдарында мобильді байланыс пен интернет сапасын жақсарту мақсатында антенна-діңгекті құрылғылар орнатылды.

#ҚОРШАҒАН ОРТА

Табиғатты қорғау – ортақ міндет

✍ Дәурен Аллабергенұлы
📍 Нелли Ахмерова

Өскемен қаласында еліміздің табиғи мұрасын сақтау мен қорғауға арналған маңызды қоғамдық кездесу өтті. «Қазақстан табиғатын бірге сақтайық!» тақырыбымен өткен ашық диалогқа табиғат жанашырлары, аңшылар мен балықшылар, экологтар және сала мамандары қатысты.

Іс-шара Аңшылар мен балықшылардың «AYALA» ұлттық палатасы мен «БАУТАҚ» жасылдар партиясының бірлескен бастамасымен ұйымдастырылды.

Кездесудің мақсаты — Қазақстан табиғатын сақтауға қатысты өзекті мәселелерді талқылап, оларды шешудің тиімді жолдарын қарастыру, сондай-ақ қоғамның назарын экологиялық қауіпсіздік пен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға аудару болды.

Ашық диалог барысында қатысушылар аңшылық және балық шаруашылығы салаларындағы өзекті мәселелерді, табиғатты қорғау шараларын күшейту, биоалуантүрлілікті сақтау, су айдындары мен орман алқаптарын қорғау бағытындағы ұсыныстарын ортаға салды.

— Біз халықпен кездесіп, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдау үшін арнайы жиналып отырмыз. Бұл жиын тек аңшылық пен балық аулау мәселелеріне ғана арналмаған. Мұнда жер мәселесі, жайылым тапшылығы, су ресурстарына қолжетімділік, ауыл тұрғындарын толғандыратын өзге де маңызды түйткілдер талқыланады. Біз халықтың пікірін тыңдап, көтерілген мәселелерді жүйелеп, алдағы уақытта заңнамалық деңгейде шешуге күш саламыз, — деді Аңшылар мен балықшылардың «AYALA» ұлттық палатасы президенті Батыр Сейкенов.

Сейкенов.

Оның айтуынша, бүгінде қарапайым азаматтардың аңшылықпен айналысуына бекітілген бағалардың жоғары болуы кедергі келтіріп отыр. Осыған байланысты ұлттық палата ел аумағында қолжетімді аңшылықты дамытуға ерекше назар аударуда.

— Біздің ұйымның құрамында он алты аңшылық шаруашылығы бар. Қазір тағы бірнеше шаруашылықты қосу мәселесі қарастырылып жатыр. Негізгі мақсатымыз — қарапайым аңшыларға қолжетімді бағада аң аулауға мүмкіндік жасау. Соңғы уақытта палата екі аңшылық шаруашылығын өз қарамағына алып, онда қолжетімді аңшылық жүйесін енгізді, — деді ол.

Батыр Сейкеновтің сөзінше, осыған дейін еліміздің бірнеше өңірінде мұндай кездесулер өткізілген. Алдағы уақытта «БАУТАҚ» партиясымен бірге барлық облыс орталықтарын аралап, тұрғындармен кездесулер жалғасады.

— Халық көтерген мәселелер аз емес. Жайылым, жер, су мәселелерімен қатар, аңшылық пен табиғатты пайдалану саласындағы кейбір талаптар мен айыппұлдарға қатысты да ұсыныстар бар. Біз осы мәселелерді жинақтап, тиісті деңгейде көтеруге ниеттіміз. Ең бастысы — халықтың үнін естіп, нақты шешімдер ұсыну, — деді ұлттық палата президенті.

Сонымен қатар экологиялық мәдениетті қалыптастыру және азаматтардың табиғатты қорғау ісіне белсенді қатысуының маңыздылығы кеңінен талқыланды.

Кездесуге аңшылар мен балықшылар қауымдастықтарының мүшелері, аңшылық және балық шаруашылығы субъектілерінің өкілдері, экологтар, табиғат қорғау ұйымдарының мамандары және қоршаған ортаның болашағына бейжай қарамайтын азаматтар қатысып, өз ойларын ортаға салды.

«Полипропилен» ЖК басшысы Серікқазы Құрманғалиевтің айтуынша,



ол басқаратын кәсіпорын Қазақстандағы балық шабақтарын өсіруге арналған бассейндерді өндіретін алғашқы отандық өндірістердің бірі саналады. Бұл өнімдер санитарлық және эпидемиологиялық талаптарға толық сәйкес келеді және барлық қажетті құжаттармен қамтамасыз етілген.

Оның сөзінше, бүгінде мемлекет балық шаруашылығы саласын дамыту мақсатында түрлі қолдау шараларын ұсынып келеді. Атап айтқанда, кәсіпкерлерге субсидиялар беріліп, жеңілдетілген несиелер бөлінуде. Алайда, бөлінген қаржыны тиімді пайдалану үшін өндірісте сапалы әрі қауіпсіз материалдарды қолданудың маңызы зор.

Кәсіпкердің пікірінше, қазіргі таңда кейбір шаруашылықтарда бассейндер металл конструкциялардан, мырышталған темір табақтардан немесе бетоннан жасалады. Алайда, мұндай материалдардың бәрі бірдей ұзақ мерзімді пайдалану мен санитарлық қауіпсіздік талаптарына толық жауап бере бермейді.

Осыған байланысты кәсіпорын полипропиленнен жасалған бассейндерді ұсынууда. Бұл материал экологиялық тазалығымен, беріктігімен және ұзақ

қызмет ету мерзімімен ерекшеленеді. Сонымен қатар полипропилен балық өсіру технологияларында кеңінен қолданылатын заманауи материалдардың бірі саналады.

— Біз өз елімізде өндірілген сапалы өнім арқылы балық шаруашылығын дамытуға үлес қосуды мақсат етеміз. Отандық кәсіпкерлер мен шаруашылық иелерін өндірісімізбен танысуға шақырамыз, — деді Серікқазы Құрманғалиев.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай ашық кездесулер қоғам мен мемлекеттік емес ұйымдар арасындағы байланысты нығайтып, табиғатты қорғау саласындағы ортақ міндеттерді бірлесе шешуге мүмкіндік береді.

Қатысушылар табиғатты қорғау мәселесі әр азаматтың жауапкершілігі екенін атап өтіп, қоршаған ортаны сақтау бағытындағы жұмыстарды бірлесіп жалғастыруға дайын екендіктерін білдірді.

— Табиғатты қорғау — тек мамандардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Сондықтан мұндай бастамалар экологиялық мәдениетті қалыптастырып, еліміздің табиғи мұрасын сақтауға бағытталған маңызды алаң ретінде бағаланып отыр, — деді Батыр Сейкенов.

#АУДАН ТЫНЫСЫ

Сүттен литийге дейін: Ұланның жаңа даму бағыты

✍ Ержан ӘБІШ

Облысымыздағы әлеуеті жоғары өңірлердің бірі саналатын Ұлан ауданы соңғы жылдары әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Ауыл шаруашылығы дәстүрлі түрде жетекші сала болып қала бергенімен, бүгінде аудан экономикасын әртараптандыруға, өнеркәсіпті дамытуға, инвестиция тартуға және туризм әлеуетін арттыруға басымдық беріліп отыр. Бұл жөнінде аудан әкімдігінің өкілдері Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлімдеді.

Ауданның жартыжылдықтағы негізгі көрсеткіштері экономикада оң серпіні қалыптасқанын аңғартады. Алты ай ішінде 186 жұмыс орны ашылып, оның 98-і тұрақты жұмыс орнына айналды. Нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі 4,6 пайыз шамасында сақталып отыр.

Мамандардың айтуынша, алдағы жылдары аудан экономикасына салынатын инвестиция көлемі айтарлықтай ұлғаяды. Ұлан ауданын 2029 жылға дейін дамытуға миллиардтанған теңге қарастырылған. Сонымен қатар жеке инвестиция тарту бағытындағы жұмыстар да жүйелі жүргізілуде. Жуырда өткен «Altay Invest» форумында жалпы құны 26 миллиард теңгені құрайтын бес жобаны жүзеге асыру жөнінде меморандумдарға қол қойылды. Бұл жобалар 2028 жылға дейін кезең-кезеңмен іске аспақ.

СҮТТІ ӨЛКЕ АТАНБАҚ

Ауданның негізгі экономикалық тірегі – агроөнеркәсіп кешені. Өңірде мал және егін шаруашылығы тұрақты дамып келеді. Бүгінде ауданда 67 мың ірі қара, 121 мың қой мен ешкі, 46 мың жылқы, 11 мың шошқа және 3,5 млн құс өсіріледі. Жыл басынан бері ауданның шаруашылықтары 28 мың тонна ет, 12 мың тонна сүт және 818 мың дана жұмыртқа өндірді.


Ауыл шаруашылығындағы ірі жобалардың бірі – сүт фермаларын салу және жаңғырту жұмыстары. Қазіргі уақытта «ҚазРусСтек» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 400 басқа арналған, «Шарапат Агро» ЖШС 300 басқа арналған, ал «Сібе» шаруа қожалығы 400 басқа арналған заманауи сүт фермаларын салу және жаңарту жобаларын жүзеге асыруда. Бұл жобалар 2026-2028 жылдарды қамтиды.

Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыру бағытында да нақты жұмыс атқарылуда. Соңғы үш жылда «Ауыл Аманаты» бағдарламасы аясында аудан кәсіпкерлеріне жалпы көлемі 674,4 миллион теңгені құрайтын 50 жеңілдетілген несие берілген. Қаржы негізінен туризмді дамытуға, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге, қажетті құрал-жабдықтар мен техника сатып алуға жұмсалған.

Жер ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі де назардан тыс қалған емес. Биылдың өзінде пайдаланылмай жатқан 1 мың гектар ауыл шаруашылығы жері мемлекет меншігіне қайтарылды.

ЖАҢА МҮМКІНДІК – ЛИТИЙ

Ұлан ауданы үшін соңғы жылдары ерекше маңызға ие болған бағыттың бірі – өнеркәсіп. Аудан экономикасын әртараптандыру мақсатында өңдеу



өнеркәсібіне басымдық берілуде.

Аудан әкімінің орынбасары Рустам Сәдуақасовтың айтуынша, бүгінде аудан өнеркәсібінің 87 пайызы өңдеу секторына тиесілі.

– Қазіргі уақытта жылу оқшаулағыш материалдар шығаратын зауыттың құрылысы жүріп жатыр. Жобаның құны – 8,8 миллиард теңге. Құрылыс осы жылдың төртінші тоқсанында аяқталады, – деді ол брифинг барысында.

Сарапшылардың пікірінше, дәл осындай өндірістердің іске қосылуы ауданның шикізаттық бағыттан өңдеуші экономикаға көшуіне мүмкіндік береді.

Бұдан да ауқымды жобалар алдағы жылдарға жоспарланған. 2028-2030 жылдары екі ірі өнеркәсіптік бастама жүзеге аспақ. Біріншісі – литий оксиді концентратын өндіру мақсатында пегматит кендерін өңдейтін заманауи кәсіпорын салу. Бұл жобаның құны – 90 миллион теңге. Екінші жоба бұдан да ірі. Германияның «Bergbau» компаниясымен бірлесіп литий өндіру және өңдеу бойынша тау-кен байыту комбинатын салу көзделген. Инвестиция көлемі – 235 миллиард теңге.

Қазіргі кезде әлемдік нарықта литий стратегиялық шикізат саналады. Электромобильдер өндірісі мен энергия сақтау жүйелерінің қарқынды дамуы бұл металға деген сұранысты арттырып келеді. Сондықтан мұндай жобалардың жүзеге асуы Ұлан ауданының ғана емес, бүкіл өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін күшейтпек.

ТУРИСТЕР АҒЫНЫ АРТУҒА ТИІС

Ауданның тиімді географиялық орналасуы логистикалық инфрақұрылымды дамытуға да мүмкіндік беріп отыр. Қасым Қайсенов кентінің маңында тауарларды сақтау мен қоймалауға арналған көлік-логистикалық орталықтың құрылысы басталды. Жобаның жалпы құны – 21 миллиард теңге.

Мамандардың пікірінше, бұл нысан іске қосылғанда ауданның көлік-логистикалық мүмкіндігі кеңейіп, кәсіпкерлер үшін жаңа нарықтарға жол ашылады.

Сонымен қатар туризм саласы да өңір экономикасының маңызды бағытына айналып келеді. Өткен жылы ауданға келген туристер саны 4,6 пайызға өсіп, 14 мың адамнан асты.

– Ұлан ауданының табиғи әлеуеті жоғары. Сондықтан туризм инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Сібе және Шыбындыкөл көлдерінің маңында қолайлы

жағдайлар жасалып, инфрақұрылым жаңартылуда. Сонымен қатар халықаралық деңгейде танылған «Шығыс салбурыны» фестивалі өңірдің туристік тартымдылығын арттыруға ықпал етіп отыр, – деді Рустам Сәдуақасов.

КЕНТТЕ МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Инфрақұрылымды дамыту жұмыстары да жүйелі түрде жалғасуда. Биыл барлық қаржыландыру көзі есебінен жалпы құны 4,5 млрд теңге болатын 52 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Оның ішінде тұрғын үй құрылысы, жол жөндеу, сумен қамту, білім беру, денсаулық сақтау және спорт салалары қамтылған.

«Бір қабатты Шығыс» бағдарламасы аясында ауылдық жерлерде жаңа тұрғын үйлер салынуда. Сонымен қатар жолдарды жөндеу, сумен жабдықтау және жылу жүйелерін жаңғырту бағытындағы жұмыстар жүргізілуде.

Білім беру саласында Қасым Қайсенов кентінде 600 орындық жаңа мектеп салу көзделген. Бұдан бөлек, бірнеше білім беру мекемесінде күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Денсаулық сақтау нысандары жаңартылып, спорт және мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасы нығайтылуда.

Брифинг барысында интернетпен қамту мәселесі де сөз болды. Бүгінде аудан тұрғындарының 92,7 пайызы 3G және 4G мобильді интернет желісімен қамтылған.

– Басты мақсатымыз – аудан тұрғындарын сапалы интернетпен толық қамтамасыз ету. «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында байланыс операторларымен бірлесіп, қалған ауылдарды интернет желісіне қосу бойынша жұмыстар жүргізілуде, – деп қорытындылады Рустам Сәдуақасов.

Ұлан ауданының бүгінгі даму бағытына назар аударсақ, өңір экономикасы бірнеше тірекке сүйеніп отырғанын көреміз. Бір жағынан ауыл шаруашылығы өндірісі ұлғайып, ауыл кәсіпкерлігі қолдау табуда. Екінші жағынан өнеркәсіптік жобалар іске қосылып, өңдеу секторын дамытуға күш салынып жатыр. Үшінші бағыт – логистика мен туризмді қатар өркендету.

Осылайша, Ұлан ауданы дәстүрлі аграрлық өңір мәртебесін сақтай отырып, жаңа индустриялық даму кезеңіне қадам басып келеді. Егер жоспарланған инвестициялық жобалар толық жүзеге асса, алдағы бірнеше жылда аудан Шығыс Қазақстандағы экономикалық өсімнің жаңа нүктесіне айналуы әбден мүмкін.

#РЕФОРМА

Мемлекеттік қызметтің жаңа келбеті

✍ Арман САПАРҒАЛИ

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет».

Соңғы жылдары ел ішінде жиі айтылатын бұл тіркес енді жай ұран емес, мемлекеттік басқару жүйесінің басты бағытына айналып келеді. Бұрын жұрт мемлекеттік қызметкерді кабинеттен шықпайтын, қағазбастылықтан аса алмайтын шенеунік ретінде елестетсе, бүгінде оған қойылатын талап мүлде өзгеріп жатыр. Қазір қоғамға халықтың мәселесін тыңдай алатын, цифрлық технологияны меңгерген, этиканы сақтайтын әрі ең бастысы – адамға жақын мемлекеттік қызметші қажет.

Өскеменде өткен брифингте облыс бойынша мемлекеттік қызмет істері департаменті басшысының міндетін атқарушы Рауан Сләмхан осы бағыттағы жаңашылдықтар туралы кеңінен айтты. Оның сөзінше, Қазақстанда мемлекеттік аппаратты кәсіби, ашық әрі сервистік бағытта дамытуға арналған ауқымды реформа жүріп жатыр.

Бүгінгі қоғамның талабы өзгерді. Азаматтар енді тек анықтама немесе қызмет алуды ғана емес, өз мәселесіне түсіністікпен қарауды күтеді. Сондықтан мемлекеттік қызметтің жаңа моделінде басты назар адамға аударылып отыр.

– Ең басты қағида – «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін». Қазір мемлекеттік қызметтің клиентке бағдарланған моделіне көшу жүзеге асырылып жатыр. Бұл – мемлекет пен халық арасындағы байланыстың жаңа форматы, – деді Рауан Сләмхан.

Әлемдік тәжірибеде мемлекеттік қызметтің тиімділігі халықтың сенімімен өлшенеді. Егер азамат мемлекеттік органға барып, мәселесін тез әрі әділ шеше алса, бұл – жүйенің жұмыс істеп тұрғанының белгісі. Ал ұзын-сонар кезек, артық анықтама, жауапсыздық қоғамның наразылығын күшейтетіні белгілі.

Сондықтан қазір мемлекеттік қызмет саласында цифрландыруға ерекше басымдық берілуде. Енді кадрларды іріктеу толықтай «Е-қызмет» ақпараттық жүйесі арқылы жүргізілмек. Бұл жаңашылдық конкурстық рәсімдердің ашықтығын арттырып, адам факторын азайтуға мүмкіндік береді.

Бұрын мемлекеттік қызметке орналасу кезінде «таныс арқылы өтті», «бәрі алдын ала шешіліп қойған» деген күмән қоғамда жиі айтылатын. Жаңа цифрлық жүйе осындай пікірлердің алдын алуға бағытталған. Кандидаттарды бағалаудың бірыңғай стандарты енгізіліп, конкурс өткізу мерзімі қысқарады.

Реформаның тағы бір маңызды бағыты – мемлекеттік қызметкердің жеке бейнесін өзгерту. Енді олардан тек кәсіби білім емес, патриоттық, жоғары мәдениет, азаматтарға құрметпен қарау, әдеп нормаларын сақтау талап етіледі.

– Қоғам алдындағы есептілікке, адалдықтың жоғары стандарттарын сақтауға және жемқорлыққа мүлде төзбеушілік қағидатына ерекше көңіл бөлінеді, – деді Рауан Сләмхан.

Бұл – өте маңызды мәселе. Себебі халықтың мемлекетке деген сенімі қызметкердің қарым-қатынасына байланысты қалыптасады. Бір маманның мәдениеті бүтін бір мемлекеттік орган туралы пікір қалыптастырады.

Соңғы жылдары елімізде мемлекеттік қызметті «жабық жүйеден» ашық институтқа айналдыруға бағытталған өзгерістер көбейді. Әлеуметтік желілердегі ашықтық, мемлекеттік органдардың халықпен кері байланысы, онлайн қабылдаулар – жаңа модельдің көрінісі. Сарапшылардың айтуынша, алдағы уақытта мемлекеттік қызметкердің жұмысы күрделене түседі. Өйткені қоғамның сұранысы жоғары. Енді тек заңды білу аз, адаммен сөйлесе білу, мәселені түсіну, жылдам әрекет ету қажет, халық осыны талап етеді.

Тағы бір маңызды өзгеріс – мемлекеттік қызметшілер үшін көлденең мансаптық өсу тетігінің енгізілуі. Бұл мамандардың бір орында тұрып қалмай, түрлі бағытта тәжірибе жинауына мүмкіндік береді. Кадр даярлау жүйесін жетілдіру және мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәртебесін күшейту де назардан тыс қалмайды.

#ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ТАУАРЫ – 2026

Жүзден аса үздік өндірушілер жетістіктерін таныстырды



✍ Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ
📷 Нелли АХМЕРОВА

Өскемен қаласында дәстүрлі «Қазақстанның үздік тауары – 2026» өңірлік көрме-байқауы өтіп, оған облыстың жетекші тауар өндірушілері қатысты. Ауқымды шара жергілікті кәсіпорындардың жетістіктерін таныстыруға, тәжірибе алмасуға және отандық өнімдерді жаңа нарықтарға шығаруға мүмкіндік беретін маңызды алаңға айналды.

Байқаудың негізгі мақсаты – жергілікті өндірушілерді қолдау, шығарылатын өнім мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, отандық брендтердің танымалдылығын күшейту және өңірдің кәсіпкерлік әлеуетін дамыту.

Көрмеде тамақ өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс саласы, машина жасау, жиһаз өндірісі, халық тұтынатын тауарлар мен қол-өнер бұйымдарын шығаратын кәсіпорындар өз өнімдерін ұсынды. Келушілер өңірде өндірілетін сапалы тауарлармен танысып, жергілікті кәсіпкерлердің мүмкіндіктеріне көз жеткізді.

Көрменің салтанатты ашылу рәсіміне облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов қатысып, кәсіпкерлердің өңір экономикасын дамытудағы үлесіне жоғары баға берді.

– Бұл көрме – отандық кәсіпорындардың жетістіктерін кеңінен таныстыруға, сапалы өнімдерді өндіруші бағасымен ұсынуға, жаңа іскерлік байланыстар орнатуға және өңірдің өндірістік әлеуетін дамытуға жол ашатын бірегей алаң. Отандық өнімдердің сапасын арттыру, олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейту және жергілікті тауар өндірушілерді қолдау – бұл шараның басты мақсаты. Бүгінгі көрмеге облысымыздың 100-ге жуық кәсіпкері қатысып, өз өнімдері мен жетістіктерін көпшілік назарына ұсынып отыр. Жыл сайын шығарылатын өнім түрлері көбейіп, олардың сапасы мен бәсекеге қабілеттілігі артып келеді. Өңір кәсіпорындары заманауи технологияларды енгізіп, жаңа нарықтарды игеруде және Шығыс Қазақстанды елімізде ғана емес, шетелде де лайықты танытып жүр, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы облыс кәсіпорындарының республикалық деңгейде де жоғары нәтижелер көрсетіп келе жатқанын атап өтті.

– Ауылдық аумақтардың экономикасын дамытуда «Бір ауыл – бір өнім» және «Ауыл аманаты» бағдарламалары

аясында жүзеге асырылып жатқан жобалардың маңызы ерекше. Бүгінде бұл жұмыстардың нақты нәтижесін көріп отырмыз. Атап айтқанда, жаңа өнімдер өндіріліп, жаңа брендтер қалыптасып, ауыл тұрғындары үшін жаңа мүмкіндіктер ашылуда. Облыс кәсіпорындары дәстүрлі түрде республикалық деңгейдегі үздіктер қатарынан көрініп жүргенін ерекше атап өткім келеді, – деді облыс басшысы.

Айта кетейік, өткен жылы өңірдің жеті кәсіпорны сапа мен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі саласындағы беделді республикалық байқауларда жоғары марапаттарға ие болды. Бұл – кәсіпкерлеріміздің жоғары кәсібилігінің, дамуға деген ұмтылысының және үнемі жетілуге талпынысының айқын дәлелі.

– Биыл да «Қазақстанның үздік тауары – 2026» байқауының жеңімпаздары Астана қаласында өтетін республикалық көрмеде өңіріміздің намысын абыроймен қорғап, «Қазақстанда жасалған» бірыңғай ұлттық бренді аясында өңірдің жетістіктерін таныстыратын болады, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Айта кету керек, былтыр мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен марапаттау рәсімінде өңірдің жеті кәсіпорны «Алтын сапа», «Парыз», «Ұлы дала елі» және «Адал азамат» байқауларында жоғары марапаттарға ие болған.

Өңірлік Кәсіпкерлер палатасының директоры Қайрат Мамырбаевтың айтуынша, бұл байқау отандық өндірушілерді қолдаудың және өңірлік брендтердің танымалдылығын арттырудың тиімді құралына айналған.

– Шығыс Қазақстан кәсіпорындары нарықтағы тұрақты позицияларын сақтап қана қоймай, өндірісті жаңғыртып, жаңа технологияларды енгізіп, өнім ассортиментін кеңейтіп келеді. Бұл байқау өндірушілерге өздерін бүкіл елге танытуға, жаңа серіктестер мен тұтынушылар табуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар олардың жұмысына объективті баға беріліп, жаңа даму мүмкіндіктері ашылады, – деді Қайрат Мамырбаев.

Көрмеге қатысқан кәсіпкерлер де мұндай шаралардың маңыздылығын ерекше атап өтті. Олардың пікірінше, көрме өз өнімдерін таныстырумен қатар, әріптестердің тәжірибесін зерделеуге, жаңа іскерлік байланыстар орнатуға және өндірісті жетілдіруге серпін береді.

– Біз осындай көрмелерге жыл сайын қатысамыз. Бұл ауылшаруашылығы саласындағы өз кәсіпорнымызды таныстыруға, тұтынушылардың пікірін білуге және қазақстандық өнімнің са-

пасын көрсетуге үлкен мүмкіндік, – деді байқауға қатысушылардың бірі, Өскемендегі «Ұлан» ет-консерві кәсіпорнының бас технологі Светлана Кузнецова.

Ал ауылдық жерлердегі кәсіпкерлер үшін мұндай алаңдардың маңызы тіпті жоғары.

– Шағын кәсіпорындар үшін мұндай байқаулар жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Біз жаңа серіктестер тауып, өткізу нарығын кеңейтіп, өніміміздің сұранысқа ие әрі бәсекеге қабілетті екеніне көз жеткіземіз, – деді Шемонаиха ауданынан келген көрме қатысушысы Айым Қабылбаева.

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Сонымен «Қазақстанның үздік тауары – 2026» өңірлік көрме-байқауында Шығыс Қазақстан облысының үздік тауар өндірушілері анықталды. Байқау аясында жүзден аса кәсіпорын өндірістік мақсаттағы, халық тұтынатын тауарлар және азық-түлік өнімдері номинациялары бойынша бақ сынасты.

«Үздік өндірістік мақсаттағы тауар-

ерекшелігін және кәсіпкерлердің тың бастамаларын айшықтайды, – деді «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының орынбасары Аслан Қалиғазин.

Аслан Ермекұлының айтуынша, «Бір ауыл – бір өнім» жобасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бастамасымен және Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп жүзеге асырылуда. Ал «Қазақстанның үздік тауары» байқауы жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен өткізіліп келеді.

Қысқа уақыт ішінде бұл жобалар өз тиімділігін дәлелдеген. Еліміздің түкпір-түкпіріндегі кәсіпкерлер өз өнімдерін таныстырып, олардың сапасын арттырып, жаңа серіктестер табуға мүмкіндік алды. Бүгінде көптеген қатысушылар өз өнімдерін ішкі нарықпен қатар шетелдік нарықтарға да шығарып отыр.

– Бұл жобалардың ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және халықтың табысын арттыруға қосып отырған үлесі зор. Жоба әрбір ауылдың, әрбір ауданның әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Бүгінгі



лар» аталымында бірінші орынды минералды мақтадан жасалған жылу оқшаулағыш материалдар өндіретін «Izoterm» өндірістік-сауда компаниясы» ЖШС иеленді. Екінші орын «Силумин Восток» ЖШС-не бұйырса, үшінші орынды жағармай материалдарын шығаратын «MSK Group KZ» ЖШС жеңіп алды.

«Халыққа арналған үздік тауарлар» номинациясында жеңімпаз атанған – тігін өнімдерін өндіретін «Рауан» өндірістік-коммерциялық кәсіпорны» ЖШС. Екінші орын спорттық киімдер тігумен айналысатын «Шаяхметов» жеке кәсіпкерлігіне берілді. Ал былғары бұйымдарын өндіретін «Кожура» жеке кәсіпкерлігі үшінші орынға ие болды.

«Үздік азық-түлік тауарлары» аталымында шұжық өнімдерін өндіретін «Айтас МП» ЖШС үздік деп танылды. Екінші орынды сүт өнімдерін шығаратын «Молочный экспресс» ЖШС иеленсе, үшінші орын балық өңдеу саласындағы «Шығыс Универсал» ЖШС-не бұйырды.

– Бүгін өңірлік «Қазақстанның үздік тауары» және «Бір ауыл – бір өнім» көрмесінде жергілікті тауар өндірушілердің ең үздік өнімдері ұсынылды. Бұл жерде қойылған әрбір өнім – облыстың табиғи байлығының, кәсіпкерлік әлеуетінің және еңбекқор халқының жемісі. Ұсынылған тауарлар жай ғана өнім емес, олар туған өлкенің тарихын, табиғи

көрме – байқаудың маңызды кезеңдерінің бірі. Біз бұл бастаманы жан-жақты қолдаймыз және ұсынылған өнімдер жоғары бағалауға әбден лайық деп есептейміз, – деді көрмеде облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Арман Есен-таев.

Жалпы, өткен жылы ел көлемінде өткізілген осындай байқауларда Шығыс Қазақстан облысы үлкен жетістікке қол жеткізді. Берілген 14 номинацияның жетеуінде біздің өңірдің кәсіпорындары жеңімпаз атануы – облыс үшін ерекше әрі мақтан тұтарлық нәтиже.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді облыстық ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармаларының басшылары, сонымен бірге өңірлік Кәсіпкерлер палатасының жетекшісі марапаттады.

Көрмеге қатысқан өңір кәсіпкерлері осы іс-шараны ұйымдастыруға және кәсіпкерлікті дамытуға тұрақты қолдау көрсетіп келе жатқан облыс әкімдігіне ерекше алғыстарын білдірді.

Байқау жеңімпаздары енді облыс намысын республикалық кезеңде қорғайтын болады. Олар Астана қаласында өтетін «Қазақстанның үздік тауары – 2026» көрме-байқауында өңірдің өндірістік әлеуетін таныстырады.

#ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ҚЫЗМЕТІ

Адам өмірі, кәсіби шеберлік және тұрғындардың алғысы

✍ Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ

📷 облыстық денсаулық сақтау басқармасы

Жедел медициналық жәрдем станциясының дәрігерлері мен фельдшерлері күн сайын ең күрделі әрі қауіпті шақыртуларға шығып, науқастарға шұғыл көмек көрсетуді жалғастырып келеді. Әрбір осындай шақыртудың артында адам өмірі, кәсіби шеберлік және тұрғындардың шынайы алғысы тұр. Ал жуықта Өскемен қаласында жедел жәрдем бригадасының кейде адам өмірі үшін күресте дәрігерді де, құтқарушыны да, детективті де алмастыра алатынын дәлелдейтін бір оқиға болды.



адам отырғанын көреді. Науқаста инсульттің айқын белгілері болған: сөйлеу қабілеті бұзылып, денесінің бір бөлігі жансыздана бастаған.

Фельдшерлер Ділназ Сейтқанова мен Інжу Матай жүргізуші Елдар Советбековпен бірге бірден шұғыл көмек көрсетіп, ер адамның жағдайын тұрақтандыруға кіріседі. Әр секунд маңызды еді. Дәл осындай сәттерде кәсіби шеберлікпен қатар, суыққанды шешім қабылдау да қажет.

Көп ұзамай науқас ауыр халде Шығыс Қазақстан облыстық ауруханасының инсульт бөлімшесіне жеткізілді. Бригада оның туыстарына қай ауруханаға апарылғанын хабарлап, ақпаратты полиция қызметкерлеріне де тапсырған.

ӘР СЕКУНД МАҢЫЗДЫ

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы мамыр айында болған тағы бірнеше шақыртуға қатысты ақпаратпен бөлісті.

Өскемен қаласының тұрғыны Сергей Новиков жедел жәрдем дәрігерлерінің қызметіне деген ризашылығын Е-Өтініш порталы арқылы жолдаған.

Оның айтуынша, 2026 жылғы 8 мамыр күні жұбайының жағдайы күрт нашарлап, қан қысымы көтеріліп кеткен. Шақыртуға жедел медициналық

жәрдем станциясының №36 бригадасы жедел жеткен.

– Жұбайымды аман алып қалған №36 бригада қызметкерлеріне шынайы алғысымды білдіремін. Медициналық көмек өте жылдам әрі кәсіби түрде көрсетілді. Бригаданың әр мүшесі өз міндетін нақты біліп, сабырлы әрі сенімді әрекет етті. Медицина қызметкерлері жанашырлық танытып, моральдық қолдау көрсетті. Жұбайымның жағдайы толық тұрақталғанша жанынан табылды, – деп жазды Сергей Новиков.

Аталған бригада құрамында фельдшерлер Светлана Кнауб, Светлана Пашенко және жүргізуші Жанұзақ Елубаев қызмет атқарған.

Тағы бір шұғыл шақырту 13 мамыр күні сағат 12:37-де түскен. Мамандар 79 жастағы әйел адамның жүрек талмасы болуы мүмкін деп қауіптенеді. Құрамында фельдшерлер Раушан Сұлтанбек, Анжелика Шмакова және жүргізуші Фархат Болатов бар №23 бригада дереу оқиға орнына жіберілді.

Науқасқа алғашқы шұғыл медициналық көмек көрсеткеннен кейін оны «жедел коронарлық синдром» диагнозымен Шығыс Қазақстан облыстық ауруханасына жеткізеді.

Дәл осы бригада бұған дейін де тұрғындардың алғысына бөленгенін айта кеткен жөн. 2026 жылғы 1 мамыр күні «Родник» саяжайынан 49 жастағы ер адамға шақырту түскен. Ол кеуде тұсының қатты ауырсынуына және суық тер басып кеткеніне шағымданған.

Жедел көмек көрсетілгеннен кейін науқас Шығыс Қазақстан облыстық ауруханасының кардиология бөлімі-



не жеткізіліп, ауруханаға жатқызылды. Кейін ол да жедел жәрдем қызметкерлерінің кәсібилігі мен дер кезінде көрсеткен көмегі үшін алғыс білдірген.

Мұндай оқиғалар жедел жәрдем қызметкерлерінің еңбегі қаншалықты маңызды екенін тағы бір мәрте дәлелдейді. Олар күн сайын жоғары жауапкершілікпен адам өмірі мен денсаулығы үшін күресіп келеді.

Дәрігерлердің айтуынша, жедел жәрдем қызметі – тек медициналық көмек көрсету ғана емес. Бұл – тәулік бойы белгісіздікпен бетпе-бет келу, санаулы минутта шешім қабылдау, кейде тіпті жоғалған адамды іздеу операциясына араласуға дейін барады.

#МАМАНДЫҚ

Ауыл денсаулығының күзетінде жүрген жан

✍ Айгүл Базарова

Красная Шемонаиха ауылында әр шаңыраққа таныс есім бар. Ол – ширек ғасырдан бері ауыл тұрғындарының денсаулығына жауапкершілікпен қызмет етіп келе жатқан медициналық қызметкер Жаннат Қажыбаева. Осы уақыт ішінде абзал жан тек медпункттің маманы ғана емес, ауылдастарының сенімді серігіне, ақылшысына және денсаулыққа қатысты ең маңызды сәттерде жүгінетін жанашырына айналды.

25 жыл ішінде оның қамқор қолынан жүздеген бала мен ересек өтті. Тұрғындардың скринингтік тексерулерден уақтылы өтуін қадағалайтын, профилактикалық қарауларға шақыратын, балалардың вакцинациясын бақылауда ұстайтын және керек кезде медициналық

көмек көрсетуге әрдайым дайын тұратын бірден бір маман өзі.

Жаннат Қажыбаеваның еңбек жолында түрлі кезеңдер болды. Оның жасында, әсіресе, қыстың ақ түтек боранды күндері ерекше сақталған.

– Кейде қарлы бораннан жолдар жабылып, көлік ауылға жете алмай қалатын. Сондай сәттерде орталық тас жолдан түсіп қалып, қалың қарды кешіп, жаяу жетуге тура келетін. Бірақ адамдар көмек күтеді. Сондықтан тоқтауға немесе кейінге қалдыруға болмайтын, – деп еске алады ол.

Жылдар сырғып өтті. Кезінде өзі екпе жасап, денсаулығын бақылаған балалар бүгінде есейіп, ата-ана атанған. Қазір олар өз балаларын Жаннат Қажыбаеваның қабылдауына әкеледі.

– Ұрпақтардың өсіп-жетілгенін көру – ерекше сезім. Жас ата-аналардың «Кезінде сіз мені емдедіңіз, енді баламды қарап жүрсіз» деген сөздерін естігенде, осы жылдардың бәрі бекер өтпегенін түсінесің, – дейді тәжірибелі маман.

Ауыл тұрғындары оның жауапкер-

шілігін, ұқыптылығын және әр науқасқа деген шынайы жанашырлығын ерекше бағалайды. Қызмет көрсететін аумақта тәртіп пен жүйелілік қалыптасқан, ал профилактикалық жұмыстар үздіксіз жүргізіледі.

– Ауылға жас кадрлар өте қажет. Мұнда баға жетпес тәжірибе жинақтауға, адамдарға шынайы қажетті маман болуға және өз еңбегіңнің нәтижесін күн сайын көруге мүмкіндік бар. Сондықтан жас медицина қызметкерлері ауылдық елді мекендерге келіп, осы маңызды істі жалғастырса екен деймін, – дейді ауыл медицинасының болашағы жас мамандардың қолында екеніне сенімді Жаннат Қажыбаева.

Жаннат Қажыбаеваның өмір жолы – мамандыққа адалдықтың, жоғары жауапкершіліктің және адамға деген шексіз құрметтің жарқын үлгісі. Осындай өз ісіне берілген жандардың арқасында ауыл медицинасы өміршеңдігін сақтап, тұтас ұрпақтардың саулығы қорғалып келеді.



#ТҮКШ

Назарбаев даңғылының маңызды учаскесі толық жаңартылды

Бүгінде облыс орталығында жол жөндеу, абаттандыру жұмыстары жоғары қарқынмен жүргізілуде. Соның жарқын бір көрінісі, жуықта Назарбаев даңғылының Спорт сарайынан Ушанов алаңына дейінгі аралығындағы жол бөлігінде жөндеу жұмыстары толық аяқталды.

Өскемен қаласының ТҮКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мәліметінше, жоба аясында жалпы аумағы 7 200 шаршы метрді құрайтын жол төсемі жаңартылған. Атқарылған жұмыстар жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға және қаланың көлік инфрақұрылымын жақсартуға бағытталып отыр.

– Қаладағы көлік ағыны өте жоғары бұл учаскеде көлік қозғалысы толықтай ашылды. Мердігер жағдайды түсініп, қысқа мерзім ішінде жұмысты сапалы атқарып шықты. Енді жүргізушілер жолды ешқандай кедергісіз және шектеусіз пайдалана алады, – деді бөлім мамандары.

Сондай-ақ, қала әкімдігі ауқымды жөндеу жұмыстары жүргізілген кезеңде түсіністік танытып, сабыр сақтай білген қала тұрғындары мен қонақтарына ризашылықтарын білдіреді.

#СӘУЛЕТ

Көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттері жаңарады

Өскемен қаласында тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық саласы бойынша ауқымды жұмыстар жалғасуда. Қаланың сәулеттік келбетін жақсарту және тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру мақсатында бірнеше көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері жаңартылуда.

Қазіргі таңда жөндеу жұмыстары Әуезов даңғылындағы 49б, 39, 60, 33 және 35-ші үйлерде, сондай-ақ Нұрмағамбетов көшесіндегі 50 және 53-ші үйлерде, Протозанов көшесіндегі 61 үйде жүзеге асырылып жатыр.

Мамандардың мәліметінше, бүгінде жоспарланған жұмыстардың 70 пайыздан астамы аяқталған. Жөндеу барысында ғимараттардың сыртқы келбеті заманауи талаптарға сай жаңартылып, эстетикалық тартымдылығы артып келеді.

– Мен Әуезов даңғылындағы 49б мекенжайындағы көпқабатты үйдің бірінші подъезі тұрғынымын. Біздің подъезд биыл 5 ақпанда болған өрт кезінде қатты шардап шеккен еді. Қуанышымызға орай, үйіміз Өскемен қаласы бойынша мемлекеттік бағдарлама аясында тұрғын үйлердің қасбетін жөндеу жұмыстарына кіргізілді. Енді міне жауапты мердігер үйімізге жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатыр, қасбет толық жаңарады. Одан кейін өрт кезінде бүлінген подъезді жөндеу басталмақ. Аталға шаруаларды уақтылы ұйымдастырып, қолдау білдіргені үшін қала әкімдігіне тұрғындар атынан алғысымызды білдіреміз, – деді Әуезов даңғылындағы 49б мекенжайындағы үй тұрғыны.

Қасбеттерді жаңғырту тек тұрғын үйлердің сыртқы көрінісін жақсартып қана қоймай, қаланың бірыңғай сәулеттік келбетін қалыптастыруға да оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар мұндай жұмыстар тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырып, қалалық ортаның жайлылығы мен көркемдігін күшейтеді.

Қала әкімдігі алдағы уақытта да тұрғын үй қорын жаңарту және абаттандыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыруды жоспарлап отыр.

Сондай-ақ, қала әкімдігінің мәліметінше, Әуезов даңғылы бойында тротуар плиталарын төсеу жұмыстары қарқынды түрде атқарылуда. Негізгі жұмыстардың басым бөлігі Ауған соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіштен Крылов көшесіне дейінгі аралықта атқарылуда.

Жоба аясында ескі тротуар жабындары жаңартылып, жаяу жүргіншілердің қауіпсіз әрі жайлы қозғалысына қолайлы жағдай жасалуда. Бұл жұмыстар қаланың сәулеттік келбетін жақсартып қана қоймай, тұрғындардың күнделікті тұрмыс сапасын арттыруға да ықпал етеді.

Мамандардың айтуынша, тротуарды жаңарту жұмыстары биылғы 1 тамызға дейін толық аяқталады деп жоспарланған.

Сонымен қатар қала көркін арттыру мақсатында көгалдандыру жұмыстары да қатар жүргізілуде. Атап айтқанда, «Прогресс» дүкені маңына гүлдер егілген сәндік вазондар орнатылып, демалыс аймағының эстетикалық келбеті жақсартылды.

Бұған қоса, қала тұрғындарын сапалы және үздіксіз электр және жылу энергиясымен қамтамасыз ету бағытында шаралар қолға алынған. Инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту, энергия көздерінің сенімділігін арттыру және коммуналдық қызметтердің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мәселелері қамтылып отыр.

Алдағы уақытта Өскеменнің басқа да көшелері мен қоғамдық орындарында абаттандыру және көгалдандыру жобалары жалғасын табады.



#ЖОБА

Жаяу жүргіншілер қауіпсіздігін арттыруға бағытталған жаңа жүйелер енгізілуде

Өскемен қаласында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жаяу жүргіншілердің қатысуымен болатын жол–көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында заманауи технологиялар енгізіліп жатыр. Қала көшелерінде проекциялық жаяу жүргіншілер өткелдері мен бейнеталдау жүйесі бар бейнебақылау камераларын орнату жұмыстары жүргізілуде.

Жоба аясында проекциялық жаяу жүргіншілер өткелдері қаланың төрт маңызды учаскесінде іске қосылды. Атап айтқанда, Өскемен аллеясында (Гематология орталығы маңында), Арбат аумағында, Протазанов көшесіндегі облыстық аурухана жанында және О.Бөкей көшесіндегі дөнер орталығы маңында орнатылды.

Жаңа жүйелер арнайы қозғалыс датчиктерімен жабдықталған. Олар жаяу жүргіншілер өткелі аймағында адамның пайда болуын автоматты түрде анықтайды. Жаяу жүргінші өткелге жақындаған сәтте жол бетіне проекциялық таңбалар түсіріліп, жүргізушілердің назарын аударуға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе кешкі және түнгі уақытта өткелдердің көрінуін арттырып, қауіпсіздікті күшейтеді.

Сонымен қатар аталған аумақтарда бейнеаналитика функциясы бар заманауи бейнебақылау камералары орнатылған. Жүйе автоматты түрде жол қозғалысы ережелерінің бұзылуын тіркейді. Атап айтқанда, жаяу жүргіншіге жол бермеген жүргізушілердің әрекеттері анықталып, құқық бұзушылық фактілері бейнежазба арқылы тіркеледі.



Мамандардың айтуынша, мұндай технологияларды енгізу жол–көлік оқиғаларының санын азайтуға, жүргізушілердің тәртібін жақсартуға және қала тұрғындары үшін қауіпсіз орта қалыптастыруға ықпал етеді.

Өскеменде жүзеге асырылып жатқан бұл жоба шаһардың көлік инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған кешенді жұмыстардың бір бөлігі саналады. Заманауи цифрлық шешімдерді енгізу арқылы қала билігі тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығын арттыруды көздеп отыр.

#МӘДЕНИЕТ

OSKEMEN LIFE ауқымды жазғы фестивалі өтеді



Өскемен әкімдігінің ақпараты бойынша 19 маусым күні сағат 14:00–ден 22:00–ге дейін қала тұрғындары мен қонақтары үшін шаһардың бірқатар алаңында ойын–сауық бағдарламалары ұйымдастырылады. Атап айтқанда, Чехов және Максим Горький көшелерінде, Арбатта және Қасым Қайсенов саябағында өтеді.

Ұйымдастырушылар отбасының әр мүшесіне, яғни, түрлі жас санатындағы тұрғындарға арналған іс-шаралар әзірлеген. Бағдарламада самокат жарыстары, спорттық ойындар мен белсенді демалыс түрлері, шығармашылық шеберлік сабақтары, асфальтқа граффити салу шаралары қарастырылған.

Сонымен қатар, келушілер кітаптар және ойыншықтармен алмасып, йога, зумба жаттығуларына қатыса алады. Бұған қоса қонақтарға шай рәсімдері мен арт-терапия алаңдары да ұсынылады.

Чехов көшесінде мерекелік атмосфера қалыптастыратын аниматорлар мен мим әртістері өнер көрсетеді. Сондай-ақ, арнайы безендірілген жазғы дәмханалар жұмыс істейді.

Ал жастар үшін фотозоналар, караоке алаңдары және әлеуметтік желілерге контент түсіруге арналған арнайы TikTok-аймақ ұйымдастырылады. Арбатта көше музыканттары мен гитарашылар өнер көрсетіп, көрермендер би сайысын тамашалай алады.

Фестивальдің негізгі бағдарламасы орталық сахнада өтеді. Мұнда диджейлер арасында батл ұйымдастырылып, танымал әндерден құралған концерттік бағдарлама ұсынылады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, OSKEMEN LIFE фестивалі тұрғындарға ерекше көңіл-күй сыйлап, демалыс пен шығармашылықты ұштастыратын үлкен шараға айналмақ.

Бетті әзірлеген – Дәурен Аллабергенұлы
Фото: Өскемен қаласы әкімдігі

#ШЕБЕР

Шабьт жәрмеңкесі: құлпырған қолөнер әлемі

✍ Таир САПАРҒАЛИЕВ, Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ

📍 ШҚО сәулет-этнографиялық және
табиғи-ландшафтық музей-қорығы

Облыс орталығындағы Республика алаңында Шығыс Қазақстан қолөнершілерінің дәстүрлі жәрмеңкесі ұйымдастырылып, көпшіліктің ерекше назарын аударды.



ЕСТЕЛІК СИМВОЛДАРЫ

Өңірде көне қолөнер дәстүрлерін жаңғыртып, сақтап келе жатқан сәндік-қолданбалы өнер шеберлері ұрпақтар сабақтастығын жалғап, мәдени байланыстарды нығайтуға зор үлес қосып келеді. Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафтық музей-қорығының халықтық және сәндік-қолданбалы өнер бөлімі аға ғылыми қызметкері Райса Мұхамеджанованың айтуынша, олардың шығармашылығы өзіндік айқын өрнегімен, дара болмысымен ерекшеленеді.

– Шеберлер шығармашылық жолында тек бұйым жасап қана қоймай, өз құндылықтарын қалыптастырып, жұмыс тәсілдерін де үнемі жетілдіріп отырады, – дейді ол. – Бір шеберден екіншісіне көркемдік таным, тәжірибелік дағды, технология мен жұмыс әдістері, сондай-ақ шығармашылық мотивтер мен бейнелеу сюжеттері беріледі. Олар халықтың шынайы өмір сұлулығын көркем бейнемен жеткізуге ұмтылады, өз болмысын танытып, дәстүрге адалдық танытады. Бұл – туған жерге деген сүйіспеншілігін білдіре отырып, ғасырлардан жеткен тарихқа тағзым ететін шеберлеріміздің таңдаған жолына деген беріктігінің айғағы.

Өңірдегі сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінің таңдаулы туындыларында материалдық және рухани құндылықтар үйлесім табады. Олардың қолынан шыққан әсем бұйымдар тек көздің жауын алып қана қоймай, күнделікті тұрмысымызға етене еніп, нақты қызмет атқарады. Яғни олар практикалық мәнге ие болып, «қолданбалы өнер» атауының шынайы мазмұнын айқын көрсетеді.

– Кез келген бұйымды жасау барысында шебердің басты мақсаты – пайдаланылатын материалдың мүмкіндігін барынша тиімді пайдалану, – дейді Райса Мұхамеджанова. – Оны ою-өрнекпен көркемдеп немесе белгілі бір сюжеттік

бейнелермен толықтыра отырып, қолөнершілер бұйымды бұрынғыдан да ерекше сипатқа ие етеді. Сондықтан мұндай туындылар айрықша тартымдылығымен, сәнді келбетімен және көркемдік мазмұнымен ерекшеленеді.

Шебер қолынан шыққан әрбір бұйым – олардың еңбегінің жылуы мен жан қуатын сақтаған ерекше дүние. Мұндай туындылар адам өміріндегі қарапайым немесе маңызды сәттерге арналған тамаша сыйлық бола алады. Тіпті ең шағын қолөнер сувенирінің өзі – ұлттық мәдениет пен халық шығармашылығының терең тамырынан нәр алған, адамның жеке өміріндегі бір белесті немесе ортақ тарихтағы бір кезеңді еске түсіретін ерекше белгі, естелік символы.

Сәндік-қолданбалы өнер тоқтаусыз дамып, уақытпен бірге жаңарып келеді. Шеберлер дәстүр мен жаңашылдықты ұштастырып, түстерді, композицияны, пішін мен пластиканы түрлендіру арқылы дәстүрлі бұйымдарға жаңа сипат, тың көркемдік үн береді.

ШЫҒЫС ФЕНОМЕНІ

Өңірдің мәдени өміріндегі айрықша құбылысқа айналған бұл ерекше феномен туралы «Кемпірқосақ қолөнер әлемінде» атты көркем әрі мазмұнды басылымда Райса Мұхамеджанова мен Валентина Черкашинаның авторлығымен кеңінен баяндалады. Шығыс Қазақстандағы сәндік-қолданбалы өнер шеберлеріне арналған бұл анықтамалық-ақпараттық жинақ бірнеше жыл бұрын жарық көрген. Басылымды музей-қорықтың мамандары әріптес-ғалымдармен, халықаралық ұйымдар және қорлардың қолдауымен, «Алтын Алтай – өңір дамуының байлығы» жобасы аясында дайындаған. Оның басты мақсаты – ауыл туризмін дамыту және халықтың дәстүрлі мәдениетін жаңғыртып, кеңінен насихаттау.

Жинақта облыстың қолөнер шеберлері шығармашылық түрлері мен жанрла-

ры бойынша топтастырылып берілген. Сондай-ақ әр шебер туралы қысқаша мәлімет, олардың қызмет бағыты, байланыс деректері мен телефон нөмірлері көрсетілген.

Өзіндік бірегей каталогта тәжірибесі мол қолөнершілердің тұтас бір тобы таныстырылған. Олардың қатарында Ольга Сагачёва, Юрий Костанянц, Виктор Переверзев, Нұрбану Буралбай және әртүрлі бағытта еңбек етіп жүрген өзге де шеберлер бар. Олардың туындыларынан өнердің үйлесімі мен қайталанбас ерекшелігі айқын байқалады.

– Олар көрмелік бұйымдар жасайды, түс пен фактураға, пластика мен пішіндік шешімдерге ерекше мән береді, – дейді біздің кейіпкеріміз. – Соның нәтижесінде жанрдың классикалық дәстүрі мен көне мұрасының ізі сақталғанымен, бүгінгі заманның эстетикалық талғамына сай эмоционалдық реңк пен бейнелі шешімдерге басымдық берілген бірегей дүниелер өмірге келеді. Көптеген шеберлер үй жағдайында еңбек етеді. Сондықтан олардың шығармашылық шеберханасының тынысы көбіне нақты тапсырыс пен сұраныстың бар жоғына байланысты. Өйткені қолөнер – үлкен шеберлік пен тәзімділікті талап ететін, әркімнің қолынан келе бермейтін ауыр әрі жауапты еңбек.

Шеберлердің үздік туындылары облыстық, республикалық және халықаралық көрмелерде қойылып, түрлі фестивальдер мен байқауларда дипломдар мен сыйлықтарға ие болып келеді. Бұл – өңірдегі қолөнер өнерінің жоғары деңгейде дамып отырғанының айқын дәлелі.

– Мәселен, қазақ халқының халықтық қолөнері мен дәстүрлі кәсіптері терең тарихи тамырға ие. Олар көбіне көшпелі тұрмыс пен мал шаруашылығымен тығыз байланысты болды: тері, жүн, сүйек өңдеу кең тарады, – деп атап өтеді Райса Мұхамеджанова. – Сонымен қатар ағаш пен металл бұйымдарын жасау, тоқымашылық өнері де ата-бабаларымыздың күнделікті өмірінде маңызды орын алды. Бұл бұйымдар көшпелі тұрмыстың ажырамас бөлігіне айналып, киіз үйдің ішкі көркін айшықтап отырды. Қолөнершілердің тәжірибесі ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа беріліп, шеберлік құпиялары бүгінге дейін сақталып келеді. Бүгінде ол ұлттық өнердің ажырамас бөлігі ретінде кеңінен қолданылып, халық мәдениетінің асыл мұрасы ретінде дамып келеді.

ШЕБЕРЛЕР ҚАЛАШЫҒЫ

Айта кетерлігі, мұның бәрі аяқ астынан пайда болған жоқ. Шығыс Қазақстанның айрықша белгісіне, өңір мақтанышына айналған бұл құбылыс бір сәтте қалыптаса салған жоқ, оның артында ұзақ жылдар бойы жүргізілген жүйелі еңбек жатыр.

Музей-қорық құрылған күннен бастап оның халықтық және сәндік-қолданбалы өнер бөлімі қолданбалы өнер

туындыларын жинақтап, зерттеумен, өңір шеберлерін анықтаумен, сондай-ақ қалалық, облыстық және республикалық көрмелер ұйымдастырумен айналысып келеді.

Шеберлердің шығармашылығы музейдегі көрмелер арқылы, түрлі каталогтар мен буклеттерде, сондай-ақ демалыс және мереке күндері қалалық саябақтар мен алаңдарда өтетін жәрмеңкелерде кеңінен насихатталып келеді.

– Халықтық және сәндік-қолданбалы өнер көрмелері музейде өткен ғасырдың 70-жылдарының соңынан бастап ұйымдастырыла бастады, – деп еске алады Райса Мұхамеджанова. – Музейдің негізін қалаушы әрі алғашқы директоры, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Николай Зайцев халық шығармашылығына әуел

налған бірқатар оқу-жаттығу шаралары өткізілді.

– 2009 жылдан бері Астанада «Шебер» атты байқау тұрақты түрде өткізіліп келеді. Оның ұйымдастырушысы әрі бастамашысы – Қазақстан Қолөнершілер одағының төрайымы Айжан Беккулова. Байқауға еліміз бойынша шеберлер қатысады, олардың қатарында Шығыс Қазақстаннан да өнер иелері бар, – дейді Райса Мұхамеджанова. – Біздің Қолөнершілер ресурстық орталығы оларға байқауға өтінімдерді дұрыс рәсімдеуге көмектеседі, сондай-ақ 2012 жылы шеберлердің басын біріктіру мақсатында құрылған Қазақстан қолөнершілер одағына мүшелікке өту үшін қажетті кеңестер береді.

Музей-қорық Қазақстан Қолөнершілер одағымен серіктестік негізінде Шығыс



бастан ерекше көңіл бөлген. Сол жылдардың өзінде музейде қолданбалы өнер шеберлерінің көрмелері тұрақты түрде өткізіліп тұрды. Ал 1986 жылы халық шығармашылығын зерттейтін арнайы бөлім құрылды.

2008 жылы Қазақстандағы халықтық көркем қолөнерді дамыту және қайта жаңғырту бағдарламасы аясында, халықаралық компаниялардың бірі мен бірқатар қоғамдық қорлардың қолдауымен, сондай-ақ ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен облыстық музей-қорық базасында алғаш рет Шығыс Қазақстан облысының Қолөнершілер ресурстық орталығы құрылды. Оның үйлестірушісі болып Райса Мұхамеджанова тағайындалды. Ал 2017 жылдан бастап ол «ШҚО Қолөнершілер ресурстық орталығы» қоғамдық бірлестігін басқарады.

Жоба аясында демеушілердің қаржылай қолдауымен қолөнершілерге арналған тренингтер, қолданбалы өнер байқаулары, көрме-жәрмеңкелер ұйымдастырылып, әдістемелік құралдар жарық көрді. Кейін бұл бастамалар басқа қорлар мен ұйымдармен қысқа мерзімді серіктестік орнатуға серпіні беріп, олардың қолдауымен Шығыс Қазақстанның қалалары мен ауылдарында қолөнершілерге ар-

Қазақстан облысында ауқымды әрі маңызды көптеген мәдени шараларды табысты өткізді. Соның бірі – Өскеменде өткен кілем тоқу фестивалі. Бұл шаралар туралы, әрине, бөлек әрі кеңінен әңгімелеуге болады.

Жаз мезгілінде музей-қорықтың Сол жағалау саябағында ерекше «Шеберлер қалашығы» жұмыс істейді. Ол бес сәнді киіз үйден тұрады. Мұнда қолөнершілерге арналған шеберлік сабақтары, тренингтер мен көрмелер өткізіледі. Киіз үйлердің бірінде жергілікті шеберлердің бұйымдары қойылған кәдесый дүкені жұмыс істейді. Келушілер мұнда өңір қолөнершілерінің туындыларымен танысып қана қоймай, оларды сатып ала алады.

«Шеберлер қалашығы» ашылғаннан бері түрлі ұйымдармен бірлесіп қолөнерге арналған көптеген тренингтер өткізілді. Ал демалыс күндері музей-қорықтың сәндік-қолданбалы өнер бөлімі арнайы шеберлік сабақтарын ұйымдастырып тұрады.

Шеберлік сабағын өткізу үшін қолөнершілер өздерінің жұмыс материалдарын әкеліп, шағын көрме ұйымдастырады. Келушілер тек шығармашылық процесті тамашалап қана қоймай, қаласа өздері де қатысып, қолымен бұйым жасап көруге мүмкіндік алады.

#ҰЛТТЫҚ ЖОБА

«Республикалық командалық айтыстың» екінші кезеңінің жалғасы «БЕС АСЫЛ: ұлттық өнер сайысы» деген су жаңа атаумен шеру тартты.

Бұл — қазіргі заманауи айтыс ақындары арасындағы сөз өнерінің аты ғана емес, заты да өзгергенінің белгісі. Сахналық сайыста көрсетіліп, патша көңілді тыңдарманның көз алмасын суарып, көңілін көншітіп, құлақ құрышын қандыратын алмастың буына суарылған сөз семсері үстіндегі сертті сайыс құрамында ұлттың қабырғалы өнерінің бес түрі — айтыс, жыр, терме, ән, күй секілді бес асыл өз алдына дербес бағаланатын болады. Айтыс өнерінің тарихы мен табиғатында бұрын-соңды болмаған жаңалықты жайттың бірі — осы.

АЙТЫСТЫ САҚТАП ҚАЛҒАН – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ

Мұның алғашқы тәжірибесі осының алдында төр Алтайда өткен Шығыс Қазақстан мен Қарағанды облыстары арасындағы сайыста қолданылып, нәтижесі сәтті күрмелген болатын. Жалпы, былтырдан бері қолға алынып, қайта жаңғыра бастаған Ұлттық жоба күні толған сайын табиғи түрде осындай соны жаңалық, тың бастамаға сұранып келе жатқан. Олай болса, бұл жайында айтылып, тіні тарқатылуы тиіс әңгіменің аужайы мен барыс-келісі көпшілікке түсіндірірек болу үшін, сөздің өзегін сәл әріректен — жалпы дәстүрлі өнер түрлерінің көнеден келе жатқан сөз сайысы құрамында қайта жаңғырып, көрермен көзайымына айналған кезден бастайық. Сөйтіп, көптің көз алдында өсіп, өніп, өркен жая келе тұтас бір дәуірдің өнегелі мега жобасына айналған дәстүрлі өнердің бүгінгі дәрпі мен өткен тарихына қатысты арқау-желіні бір шолып өтейік.

Заман өзгеріп, өнердегі сатылы формациялар жаңарып, қайта жаңғырған сайын ұлттық құндылықтар қоса ауысып, астары түлеп, өңінің өзгеруі, өнердің бір түрі кейін тартып, кей жанрлар ілгері басып, тіпті кейісінен халық толайым жерініп, уақытша қалыс қалуы немесе ерекше ұлықталуы заңды үдеріс. Міне, тап осындай жағдаят бізге тән ұлттық өнерде де болды. Тым шарықтап, алтысқа ұзалама-ақ қоялық. XX ғасырдың сергелдеңге толы 80-жылдарының мысалын еске алсақ та жеткілікті. Елдің есінде болса, 1986 жылы Алматыда, орталық алаңда жастардың толқуы кезінде жауынгер жырау Ақтамбердінің «Күлдір де, күлдір кісінетіп, / Күреңді мінер ме екенбіз?!» деп басталатын ұлы толғауына рухтанып, кеудеде намыс оты маздаған қазақ жастары «қарға бойлы» Бекболаттың қолындағы қара домбыраның бауырынан төгілген дәуір күйімен көпті теңселтіп жіберген күндерден кейін қазақтың дәстүрлі өнері байыздап, бір түрлі бей-жай күй кеше бастады. Сол ерекше жағдайды көп адамның іші сезді. Шамасы, «аттың жалы, атанның қомы» атанған дәуір-дәурендерге бой үйретіп, рухы бұрқ-сарқ қайнаудан шаршап-шалдыққан ұлттың жады белгілі бір уақытқа кейін шегініп, өзімен өзі болып, сәл де болса тыныстағысы келген болу керек.

Біраз адам мұның жайын «дәстүрлі өнер ұзақ ұйқыға кеттіге» жорыды. Әрине, қай уақыт шамасында болсын, қорқыныш шақыратын бос кеңістіктің пайда болуы жақсы нәрсе емес. Ұлттық өнер жүре тыңдалып, керісінше, сырттан кірген жаттекі әуендер қызықтала бастаған кезде жұрт ынтасы мен құлқын бірыңғай эстрадалық бағытқа аударды.

Айтатыны жоқ, бұл үдеріс мамандардың санасында кәдімгідей үрей тудырды. Тап сол кезде қарапайым ха-



лық, үлкен-кішісіне қарамай, айтыс өнеріне ден қойды. Сөйтіп болмысы бүтін бес асылдың қалған төрт қыры — жыр, терме, ән, күй көз алдында семіп бара жатқандай әсер қалдырды. Өйткені, бұл кезде тыңдаушының назары бірыңғай сөз сайысына — айтысқа ауып кеткен болатын. Бұған табан астында суырып салып, халықтың көкейіндегі сөзін айтуға негізделген импровизация өнерінің психо-физиологиялық әсер етуі де ерекше ықпал жасаған болуы мүмкін. Қалай десек те, «балапан — басына, тұрымтай — тұсына» деген ерекше күй кешіп үлгерген халық қай өнердің түрінен болсын, сәл де болса аяқ тартып, шегініс жасағанымен, халық санасында киеленіп, ерекше әспеттелетін сөз өнерінен — ақындар айтысынан жерінбеді.

АЙТЫС ПЕН ЖҮРСІН ЕРМАН ЕГІЗ ҰҒЫМ

Осы дүдәмал кезеңде сахна төріндегі бос кеңістікте Жүрсін Ерман төбе көрсетті. Жұрт ауызша импровизацияға құрылған ақындар айтысы десе — жазба ақын Жүкеңді, керісінше, Жүрсін десе — ақындар айтысын ойлайтын дәрежеге жетті. Көп ұзамай бұл «кереғар» ұғымдар көз алдында кірігіп, жігі білінбейтін бүтінге айналып сала берді.

Бұл күнде Қазақстанның қай түкпіріне барса да концерт залына ақын, қоғам қайраткері Жүкең кіріп келе жатқанда жұрт отырған орынынан дүр көтеріліп, тік тұрып, ду қол шапалақпен қарсы алып, бас иіп құрмет көрсететіні сондықтан болса керек. Ол байырғы айтыс өнерінің көшін көліктегіп, өліара кезеңнен жаңа дәуірге өткізіп жіберген дәнекерші қызметін өз деңгейінде әрі абыроймен атқарып шықты. Сөйтті де тізгіннің ұшын белгілі айтыс ақыны, байырғы сал-серілік дәстүрдің көрнекті өкілі, ғалым Аманжол Әлтайдың қолына табыстады.

Әрине, ол кезде жұрт сахнадан тек Жүкеңді — халық жазушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерманды ғана көретін. Ал айтыс өнерінің сахналық салтанатқа ие болуы жолында еселі еңбек еткен Рахманқұл Бердібай, Серік Қирабаев, Рымғали Нұрғалиев, Тұрсынбек Кәкішев, Мұхамедрахым Жармұхаммедов, Оразгүл Нұрмағамбетова, Сейіт Қасқабасов сияқты қарқарасы қаудай ғалымдардың, Терімше Сарыбаев, Мардан Байділдаев секілді бұл саладағы алғашқы ізашарлардың қарасы қалыңның қалқасында қала берді. Бұл тарапта Жүкең нағыз басқарушы, менеджерлік қасиетімен көзге түсті де, айтыстың құмда қалған кемесін ілгері сүйреп ала жөнелді. Әйтпесе бұл өзі XX ғасырдың басынан бері қарай, сонау 1934 жылғы

бүкілқазақстандық халық өнері қайраткерлерінің слеті аясында жиналып, жүйеленіп, кейін халық қазынасының қорына айналған, елдің әлеуметтік тіршілігінде өзіндік орындары болған Қазақстандағы халық ақындары шығармашылығын індетте зерттеу әрекетінен басталған ізгі шаруа.

Сол кездің мәдени саясатына орай тек қана айтыс өкілдері ғана емес, кәсіби халық өнерінің барлық түрлері жиналып, іріктеліп, жолға қойылып, көрнекті орындаушылар — қобызшы, домбырашы, сырнайшы, сыбызғышы, ертекіші, күлдіргі, сықақшылар мен ұлттық қолөнер түрлері өкілдерінің тізімі жасалып, олардың көкірегінде сақталған халық қазынасы хатқа түсіріліп, мұрағат қорына көшірілді. Алайда, осындай игі іспен иықтасып кеңестік кезеңдегі науқаншылдық ұғымдар қатар жүрді. Мұның зиянды салдарынан арылудың өзіне азаттық алған жылдан бастап әжептәуір уақыт кетті. Сөз ауаны соңғы елу жылға жуық уақыт елдің көзайымына айналып, көңіл отын маздатып, ішкі шерін тарқатып, рухани қанағаттандырып, мәдени кеңістікте тоят таптырған сол айтыс өнерінің, кейін мүлдем жаңа форматқа көшкен сөз сайысының бүгінгі аужайына қатысты.

Бес асыл — бес саусақтың саласы, өз алдына өріс алған бес айрық. Жұмсаң жұдырық болып, алақанды ашсаң



салаланып, жаңарып, түлеп, жаңғырып, уақыт демімен тыныстап тұру арқылы халық жадының мәңгі тірі екенін сездіретін ерекше құбылыс. Рас, кейінгі жылдары айтыс жайында түрлі дүдәмал пікірлер белең алып жүргенін білеміз. Соның бірі — «ақындар заготовка жасап, алдын ала дайындықпен келеді екен» дейтін қазақы күңкіл. Олай болса, жалпы жұртқа түсінікті болу үшін жалпақ тілмен мына жайтты ұғындырып өтейік. Жалпы, айтыс — топ алдында табан астында, қолма-қол, тосыннан суырып салып айтатын сан сипатты импровизациялық өнер түріне жататын синкретті құбылыс. Әңгіме мынада: суырып салма актері атаулының бұрынғысы да, кейінгілері болса да, ерекше дайындық түрінен өтеді. Өйткені, бұл өнердің ішкі-сыртқы табиғаты солай.

Сөз жоқ, алдымен сөз иесінің жадында, санасының көне қатпарларында жылдар бойы жүріп, тәлім алған ортасы, ұстаздары арқылы сіңіп, әбден пісіп, жетіліп, көктеп, көгерген миллиондаған ұйқастар мен дайын формул-клишелер жиынтығы бұрқ-сарқ қайнап жатуы тиіс. Оған халықтың алдында, түрлі жағдаятқа қарай өлең өрнектегі білу, тапқырлық таныту арқылы елді аузына қарату, онысын асқан техника көмегіне жүгіну арқылы іске асырып, тыңдаушының жүрегінен

орын табуға дейінгі аралықтағы мың сан шығармашылық шиырдың машақатын қосыңыз.

МҰНЫҢ БӘРІ АМАНЖОЛДЫҢ ЕҢБЕГІ

Ал біз тек соның көз алдында, бір сәтте, сахнада жарқ ете қалатын, ғылыми тілде «инсайт» деп аталатын қорытындысын ғана көріп, қол соғып, мәз-мейрам болып жүргенімізді ескергіміз келмейді. Әйтпесе әйгілі Біржан мен Сараның, Сүйінбай мен Қатағанның топ алдына шығып, жұрт көзінше сөз сайысына түскенге дейінгі аралықтағы ішкі «дайындығын» елестетудің өзі қиын. Сөз жоқ, табан астында суырып салу арқылы ұтымды ой тауып, оны көркем тіркес пен шетін шумаққа, бейнелі түрде айтқанда «атылған оққа» айналдыра алмаған сөз иесін айтыскер ақын дей алмайсың. Бірақ «Әй, бұлардың бәрі алдын-ала дайындалып келеді екен» деген қазақы бопсаның өзі тыңдаушылық деңгейдің төменгі сатысы болып табылатынын да ескеру қажет.

Тек импровизатор ақпа-төкпе ақындар мен жыршы, жыраулар ғана емес, баяғының қара қылды қақ жарған би, шешендерінің өзі уәлі сөзін алдын ала дайындап, қашап, қырлап, іштей шабыт көрігін қыздырып алып келіп, белгілі бір уәжге орай жарқ еткізіп айтып, онысын мөрлеп, жұрттың жүрегін жаулап алатын болған. Сон-

дықтан бұл тараптағы түрлі алыпқашпа пікірлердің, тіпті кейінгі заманауи жазба ақын, шайырлар шығармашылығын халық ауыз әдебиеті үлгілерімен, соның ізін жалғаушылармен тең қойып таразылап, бірін пәс, екіншісін биік санайтын көзқарастың өзі сауаттылық ауылынан тым алыстау жатқанын айтуымыз керек. Жалпы, кейбір көрермен міншілдеу болады. Болмасын демейміз, кәсіби сын болсын, бірақ ол орынды әрі шын болғаны жөн.

Сонымен, айтыс өнерінің қырық жылға жуық жалғасқан жаңару, жаңғыру, жасану, қайта түлеу дәуірі өз мезесіне жетіп, белгілі бір тармақ (цикл) күрмеліп, «Елу жылда ел жаңа» ұғымына сәйкес мазмұн мен мағына қайта жасақталып, кең ұғымдағы «Республикалық командалық айтыс» түрі қабылданып, тыңдарманға қайта жол тартып отыр. Ең бастысы: өткен қырық жылда айтыс өзінің тұрақты тыңдарманын қалыптастырды. Әрине, бұл аз уақыт емес. Абай әулиенің «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел!» деген уәлі тәмсілін қайта түлетіп айтар болсақ, тыңдаушысы жоқ өнер өлмесе де, өлімші күйге түсіп, ақыры шөжіп, аяғы сиырқұйымшақ болып тынары хақ.

Жасыратыны жоқ, сөз басында тілге тиек еткен, ұлттың арына баланған, рухы саналған бес асылдың төрт қабырғасы — жыр, терме, ән, күй жанр-

АСЫЛЫН ҰЛЫҚТАҒАН

ларының кейінгі тыңдарманы күрт азайып кетуі себепті, бұл саланың ме-неджментімен бел шешіп айналысатын маманның, құзырлы мекеменің, бастысы — қолдаушының жоқтығынан кейінгі жылдары насихат жүргізетін сахна таба алмай, «жетімнің» күйін кеше бастап еді. Өз басым осының жайына қатты қобалжып жүретінмін.

Сол көп жылғы күмән бір сәтте сөйліп, су сепкендей болды. Өйткені, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс депутаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, ұлтжанды замандасым Аманжол Әлтайдың бастамасымен заманауи ақындар айтысы күрделі жоба ретінде қайта қалыптасып, мүлдем соны бағыт-бағдар ұстану арқылы, түпнегіз идеясы ұлттық идеологияға негізделгенін көріп ерекше қуандық. Жалпы адамзат баласының тарихын да, адам-пенденің танымын да, кем-кетігін де өзгертіп, қайта жасайтын жекелеген ұлтжандылар. Осы тұрғыдан келгенде біздің Аужекеннің — Аманжол Әлтай бауырдың қыруар шаруасын атқару үшін қылша мойнына міндет етіп алған ақындар айтысына қатысты жұмыстарының барысы мен келісін екі ауыз сөзбен күрмей салу қиын.

Олай болса, Жаратқан Ие жар болып, ел-жұрты үйіп-төгіп жатқан ықыласты жария һәм жасырын баталары қабыл болғай дейміз. Елім деген ереннің тірлігі мен ересен іс-қимылдары осылай болса керек.

ХАЛЫҚТЫҢ КҮТКЕНІ ДЕ ОСЫ ЕДІ...

Жалпы, «Республикалық командалық айтыстың» осыған дейінгі өткізілген айтыс атаулыдан айырмашылығы неде? Ал осы жиын арасында насихатталатын ұлттық өнер түрлері — жыр, терме, ән, күй жанрының бұрынғы және қазіргі бәсі мен бағасы қандай? Мұндай риторикалық сұрақтың әркімнің-ақ көңіл төрінде тұруы заңды.



Иә, өткізіліп келе жатқан бұрынғы айтыстар барысында, тыңдаушы жұртты зеріктіріп алмау үшін арасында терме, ән айтылатын, арагидік күй тартылатын дәстүр бұрын да болған. Ол кезде сахна төрінде сөз сайысының тізгінін ұстап отырған жүргізуші айтысты бағалаушы мамандарға әсер ете алатын. Сондай-ақ, сахнада айтылған әлгі жанр түрлеріне баға беріліп, оның ұпайы шығарылып, бәсі екі жақтың командалық өнерінің қоржынына ұпай сала алмайтын.

Ал қазір ше? Қазір ақындар айтысының реттеуші (модератор) міндетін мойнына алған Аманжол Әлтай

бұл жағынан жүз пайыз жариялылық бағыт ұстанған. Қай түріне қатысты болсын, айтыстың төрағасы — Жүрсін Ерман және тек сөз сайысын бағалау үшін шақырылатын бірнеше сарапшысы бар. Сөйтіп, сахна төрінде өтетін сөз сүйлейлерінің сайысы өз алдына жыр, терме, ән, күйден бөлек бағаланып, ақындардың ұпай саны шығарылады. Ал қалған төрт жанр бойынша өз алдына сарапшы мамандар шақырылып, дәстүрлі өнердің бәсі бөлек өлшену арқылы ұпай саны командалық айтыстың жеңісі мен жеңілісінде шешуші рөл атқара алады. Бұл не деген сөз?

Біріншіден, айтыс өнері ауданын кеңейтіп, ауқымын ұлғайтты. Екіншіден, бес өнердің түрі (*айтыс, жыр, терме, ән, күй*) алдын ала жасалып, бекітілген ереже бойынша өз алдына жеке бағаланатын болды. Мысалы, күй сайысына қатысатын домбырашылар аймақтық ерекшеліктерді сақтай отырып, өңірлерге (*Батыс, Сыр, Оңтүстік, Жетісу, Арқа, Солтүстік, Шығыс*) тән болат — төкпе немесе нақысты — шертпе күйлердің бірін қалауы бойынша тартады. Содан соң кезегін бере отырып, шеберлік шыңын көрсететін күй сайысына түседі. Дәстүрлі әнші мен негізінен кіші жанрлар еншісіндегі ақыл, нақыл, өсиет айтатын термеші тұрпаты да солай.

Ал, жыршы міндетті түрде «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер тарғын», «Едіге», «Орақ — Мамай», «Қарасай — Қазы», «Көрұғлы», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» тәрізді күллі қазаққа ортақ сюжетті, ауқымды эпикалық жырлардан үзінді айтады.

Егер дастан немесе поэма жырлайтын болса, оның негізгі шарты ретінде жергілікті ақын, шайырлардың туындысы болуына мән беріледі. Бастысы: бұл өнер түрлерінің бәсін енді ақындар емес, осы саланың мамандары — ғалымдар мен дәулескер сахнагерлер өз алдына жеке таразылап, бағалайтын болады.

Қорытындысында, ұлттық өнердің осы бес негізгі түрі — бес асыл әр өңір мен аймақтың, қазіргі өлшем бо-

рына құшағын айқара ашып, олардың дәрежесін өзімен теңестіріп, ұлттық өнер түрлеріне мән берген айтыс деген асылыңның бүгінгі жай-күйі осындай.

Ұлттық деген ұғымның өзегінде алдымен этникалық, яғни тайпалық, сол арқылы белгілі бір рулық негіз жататыны, оның айналып келгенде белгілі бір аймақ пен өңір ерекшелігін құрайтыны ақиқат. Жалпы, біз ұлттық өнердің жайын сөз еткенде аймақтық — этникалық айырмашылыққа ерекше мән беретініміз сондықтан. Өйткені, Батыстың болат күйлері Оңтүстік, Орталық немесе Шығыс Қазақстанға тән нақысты саздармен, өр дауысқа негізделген Мұхит мектебі әндерінің кең тынысты Біржан туындыларымен, сондай-ақ, Жетісудағы Кененнің лирикалық әндері мен Сырдың қоңыраулы қоңыр мақамын салыстырып, ортақ жанрлық сипат таба алмайтынымыз



басы ашық әңгіме. Қазақтың дәстүрлі өнері бұл жағынан да ешқандай ұлтқа ұқсамайтын тұмсалығымен айқындалады.

БЕС АСЫЛДЫҢ ҚАДАМЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

«БЕС АСЫЛ» ұлттық өнер сайысы — Республикалық командалық айтыстың бүгінгі кемері көңіл көншітеді. Ұлттық өнер түрлері интеграцияланып, жұрттың жадын жаңартып, асылдарын ардақтай бастауы мұнан асып қандай болмақ? Егер естеріңізде болса, бұрын ел арасынан тұма таланттарды іздеп, соларды табанынан таусылып жүріп тауып, танып, тұнық тұманың көзін ашу үшін арнайы мекемелер жұмыстанатын. Осы ерекше міндетті қазір Аманжол Әлтай жасап, іске қосқан жаңа жоба өз еншісіне алып, жақсылыққа жаршы әрі жолбасшы болып отырғанының өзі ғажап емес пе?

Айтпақшы, Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауына, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановтың демеуіне ие болған Ұлттық жобаның жылжып, орнынан от алып, бүгінгі арынды қалпына түсуіне мұрындық болған Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары (*Қызылорда облысының бұрынғы әкімі*) Нұрлыбек Мәшбекұлы Нәлібаев екенін айтып, оның да еселі еңбегінің жемісті болуына тілек білдіріп қойғанның айыбы бола қоймас.

Нағыз көзі қарақтының бірі ғой, осы жоба жайындағы ойын айтқан Аманжол Әлтайға: «Олай болса Республикалық командалық айтыстың алғашқы қадамы Алашқа ана болған Сыр бойынан басталсын!» деп артық сөзге келместен, жиынды Қызылорда облысынан бастап жібергеніне дән риза болдық.

Міне, сөйтіп Сыр бойынан бастау

алған Ұлттық жоба қазір Қазақстан бойынша барлық облыс әкімдерінен қолдау тауып, аймақаралық бес өнердің бәсін өсіріп, бағасын асыра бастады. Ал олардың әрқайсысымен жеке тілдесіп, ұйымдастыру шараларының жымын білдірмей келе жатқан Аманжол досқа не деуге болады? Қарап отырмай, «Айтыс қай өңірде өтсе, сол жердің командасы жеңеді-міс...» деген сияқты ши жүгіртпе сөздерді естігенде миығынан бір жылы жымыиып алып, шаруасын күйттей беретін жайсаңдығына тәнті боласың.

Келешекте Ұлттық жоба тек мұнымен ғана шектелмек емес. Бұл тарапта Аманжолдың айтары баршылық. Жақында екеуара ойласып отырған ұтырлы сәттің бірінде: «Беке, тап осы Ұлттық жобаны енді мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдер арасында ұйымдастырсақ қалай бо-

лады?» — дегенде, жасыратыны жоқ, көңілдің туы көтеріліп, найзасы көкке шаншылды. Мұндай ауқымды шараны ұйымдастырып, көмбенің көзін ашатын ер болса, қанекей. Мұның алдында мен мектеп жасындағы оқушылар арасында қаһармандық жырлардан сайыс өткізу мәселесін қозғап жүргенмін. Ал мына жобаның форматын енді мектеп оқушыларына лайықтап өткізу идеясы — нағыз халықтық сипат алудың алғышарты деуге болады. Айтыс өнері және оның түрлері, дәстүрлі ән айту, күй тарту үлгілері, терме толғап, кең құлашты эпикалық жырларды насихаттауды мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдер арасында жолға қою — ұлттық өнер түрлерін қолдау мен қорғаудың тура жолына шығуды білдіреді. Мұндай шаруаның батпан жүгін сансыз оқу орындарынан ашылған самсаған кафедралар да көтере алмасы анық.

Ал, бұрынғы халық ақындары айтқан, одан кейінгі кеңестік кезең тұсында, қазіргі импровизаторлар сахнада қолданып жүрген жанды дауыстағы айтыс әуендерін жинап, нотаға түсіріп, энциклопедиялық жинақ жасауға деген ниеті жобаның өміршеңдігін көрсете түседі.

Сөз жоқ, қай нәрсенің де кезеңі мен кезегі болады. Қазір сол ұлт қажетін өтеудің кезеңі де, кезегі де келіп тұрғанын сезіледі. Олай болса, жаңа Қазақстанның үр жаңа жобасы қатарға қосылу үшін қайта оралып, тел бағалана бастаған БЕС АСЫЛДЫҢ қадамы құтты болсын, қазақия!

Берік ЖҮСІПОВ,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері,
филология ғылымдарының
кандидаты, өнертану
доценті, фольклортанушы ғалым,
эпик жыршы

#РУХАНИЯТ

Шығыс өңірі ұлттық құндылықтарды ұлықтап келеді



✍ Ержан ӘБІШ

Руханият – ұлттың жан дүниесі. Қай өңірдің де мәдени тынысы оның келбетін айқындап, тарихи жадын жаңғыртып тұрады. Шығыс Қазақстан – табиғатымен ғана емес, терең тамырлы мәдениетімен, өнерге жақын жұртымен дараланған аймақ. Біздің өлкеде домбыраның үні мен жырдың қасиеті, театр мен кітаптың қадірі ешқашан көмескі тартқан емес. Бүгінде өңірде мәдениет саласын жаңғыртуға, тарихи мұраны ұлықтауға және жас буынды өнерге баулуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Облыстық мәдениет басқармасы қолға алған бастамалар өңірдің рухани кеңістігін кеңейтіп, мәдени өмірге жаңа серпін беруде.

ІС-ШАРАЛАРДЫҢ АУҚЫМЫ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Облыста биыл өтетін мәдени іс-шаралар ауқымы өңірдің рухани әлеуетін аңғартады. Әсіресе, халықаралық және республикалық деңгейдегі жобалардың көбеюі мәдени ортадағы серпілісті көрсетеді. Мамыр айында ұйымдастырылған «Showmen fest» облыстық фестивалі – соның бір дәлелі. Бұл шара дәстүрлі концерт не байқау аясынан әлдеқайда кең ұғымды қамтиды. Шешендік өнерді дәріптеп, сахна мәдениетін қалыптастыратын фестиваль жүргізушілер мен event-индустрия өкілдерінің кәсіби шеберлігін шыңдауға жол ашады. Көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті мен аудиториямен жұмыс істеу машығы бүгінде аса маңызды қабілетке айналғаны белгілі. Облыстық мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Раушан Бекқалиеваның айтуынша, шілде айында өтетін «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» халықаралық музыкалық фестивалі – түркі дүниесінің мәдени байланысын нығайтатын маңызды алаң. Оның аясында ұйымдастырылатын Ақтан Нұрбаевтың 100 жылдығына арналған «Төр Алтай Ақтанын жырлайды» жыр

фестивалі мен республикалық айтыс ұлттық сөз өнерінің өміршеңдігін танытады. Қыркүйекте басталатын «Туған жер – алтын бесігім» жобасы ауыл мен қала арасындағы шығармашылық байланысты күшейтуді көздейді. Мұндай бастамалар өңір өнерпаздарының тәжірибе алмасуына, халық шығармашылығының өрісін кеңейтуге ықпал етеді. Ал Ұлан ауданындағы Бозанбай ауылында өтетін «Шығыс салбурыны» халықаралық турнирі ұлттық құсбегілік пен саятшылық дәстүрін жаңғыртуды мақсат етеді. Бұл – тек спорттық жарыс емес, бабадан жеткен болмысты ұлықтайтын мәдени құбылыс. Жыл соңындағы «Аяз Ата – Ақшақар» фестивалі де өңір тұрғындарына мерекелік көңіл күй сыйлап қана қоймай, мәдени ойын-сауық индустриясының дамуына ықпал етпек.

АУЫЛ КЛУБТАРЫ ЖАҢҒЫРТЫЛЫП ЖАТЫР

Кез келген елдің өркениет деңгейі мәдениет үйлерінің жағдайынан да аңғарылады. Әсіресе шалғайдағы ағайын үшін клуб пен кітапхана – тек демалыс орны емес, рухани орталық. Өңірде соңғы жылдары ауылдық мәдениет үйлерін жаңғыртуға айрықша назар аударылып отыр. Күрделі жөндеу, сахна мен залдарды жаңарту, инженерлік желілерді ауыстыру, жаңа құрал-жабдықтар орнату жұмыстары мәдени инфрақұрылымды заман талабына бейімдеуге мүмкіндік беруде. – Өткен жылы мәдениет нысандарының құрылысы мен реконструкциясына 1 миллиард теңге бағытталған. Зайсан ауданының Сарытерек ауылында және Күршім ауданының Ақсуат ауылында мәдениет нысандарына 188 миллион теңгеге күрделі жөндеу жүргізілді. Бұдан бөлек, 164 миллион теңгеге 21 нысанда ағымдағы жөндеу жұмыстары атқарылған. Демеушілер есебінен тартылған қаржының да маңызы зор. 2025-2026 жылдары мәдениет ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға 274 миллион теңге көлемінде қолдау көрсетілген, – деді басқарма басшысының орынбасары Раушан Бекқалиева.

Бұл өзгерістер ауыл тұрғындарының мәдени ортаға деген қызығушылығын арттырып, елді мекендердің әлеуметтік тынысына да оң ықпал етуде. Себебі мәдениет үйі жаңарған жерде өнер үйірмелері жанданып, жастардың бос уақыты мазмұнды өте бастайды.

КІТАПХАНА, ТЕАТР, МҰРАЖАЙ ҮШТАҒАНЫ

Театр – қоғамның айнасы. Ал кітапхана – ұлттың зердесі. Музей – тарихтың үнсіз шежіресі. Осы үш саланы қатар дамыту руханияттың іргесін бекемдей түседі. Өңір театрлары бүгінде гастрольдік сапарларға жиі шығып, халықаралық және республикалық фестивальдерге қатысып жүр. Танымал режиссерлердің шақырылуы, шеберлік сабақтарының ұйымдастырылуы шығармашылық ұжымдардың кәсіби деңгейін көтеруге ықпал етуде. Театрлардың техникалық мүмкіндігі де жаңарып келеді. Заманауи сахналық және музыкалық жабдықтардың алынуы көрерменге сапалы қойылым ұсынуға жол ашты. Кітапхана саласында да ілгерілеу байқалады. – Облыстағы 170 кітапхананың 76,5 пайызы интернет желісіне қосылған. Кітапхана қоры 2 967 500 данаға жетсе, оқырмандар саны 290 мың адамды құрап отыр. Электрондық каталогта 1 миллионнан астам жазба жинақталған. Сонымен қатар 23 мың құжат цифрландырылды. Өңірде 16 коворкинг орталығы жұмыс істейді. Оның жетеуі ауылдық жерлерде орналасқан. Өскеменде қолға алынған «Shygyz Book Fest» фестивалі кітап оқуды насихаттаудың жаңа үлгісіне айналды. Әсіресе жастар мен балаларды кітапқа баулу ісінде мұндай жобалардың берері мол, – дейді басқарма өкілі. Музей саласында да серпінді жұмыстар жүргізілуде. Облыс музейлеріндегі жәдігерлер саны 344 мыңға жетіп, келушілер қатары 593 мыңнан асқан. Қазіргі кезде 23,3 мың музей жәдігері цифрландырылып, бұл жалпы қордың 6,8 пайызын қамтып отыр.



ӨНЕР – ЖАСТАН

Мәдениеттің ертеңі – жастардың қолында. Сондықтан жас буынды өнер мен руханиятқа тарту – аса маңызды міндет. Облыста бұл бағытта нақты жұмыстар қолға алынған. Театрларға жас мамандар тартылып, оларға қызметтік тұрғын үй беру мәселесі де қарастырылуда. Өңір театрларының жетекшілері Алматы мен Астанадағы өнер оқу орындарына барып, түлектермен кездесулер өткізеді. Бұл – дарынды жастарды өңірге шақырудың тиімді тәсілі. Жас актерлердің халықаралық фестивальдерге қатысуы олардың тәжірибесін байытып, кәсіби көкжиегін кеңейтеді. Мәселен, өңірдің жастар труппасы Талдықорған мен Таразда өтетін халықаралық театр фестивальдеріне қатыспақ. Әлеуметтік қолдау тетіктері де маңызды рөл атқарады. «Шығыс Жұмыскер» бағдарламасы арқылы мәдениет саласының қызметкерлеріне баспана беру – жас мамандарды ұстап қалудың тиімді жолы. Музейлерде қолға алынған

жас суретшілер көрмесі, пленэрлер, шеберлік сабақтары мен балаларға арналған танымдық жобалар да шығармашылық орта қалыптастыруға ықпал етеді.

ШЫҒЫСТЫҢ БІР БРЕНДІ – АҚБАУЫР

Шығыс Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы – ұлт тарихының ажырамас бөлігі. Сол мұраны сақтап, келер ұрпаққа жеткізу – үлкен жауапкершілік. Бұл бағытта Ақбауыр археологиялық кешенін музейлендіру жобасы ерекше назар аудартады. 3D-модельдеу технологияларын қолдану арқылы тарихи мұраны жаңа форматта ұсыну көзделіп отыр. Жартас суреттері мен ежелгі қоныстар орналасқан кешен – тек ғылыми нысан емес, ұлттық жадының бір бөлшегі. Өңірде тарихи мұраны насихаттау мақсатында археологиялық экспедициялар, танымдық экскурсиялар, мәдени-ағартушылық шаралар ұйымдастырылып келеді. Туристік маршруттардың жасалуы да тарихи орынға деген



қызығушылықты арттырды. Раушан Бекқалиеваның айтуынша, алдағы уақытта Ақбауырды ашық аспан астындағы тарихи-мәдени орталыққа айналдыру көзделуде. Бұл жоба жүзеге асса, облыстың туристік әрі рухани әлеуеті жаңа деңгейге көтерілмек. Руханиятты дамыту – бір күндік науқан емес. Ол үздіксіз ізденіс пен жүйелі еңбекті талап етеді. Шығыс Қазақстандағы мәдени бастамалар өңірдің рухани келбетін айқындап қана қоймай, ұлттық құндылықтарды ұлықтауға жол ашып отыр. Өнері өркендеген елдің еңсесі биік болары анық.

#ТАТУЛЫҚ ТҰҒЫРЫ

Конфессияаралық келісімді нығайту мәселелері талқыланды

✍ Дәурен Аллабергенұлы
📷 Артем Жигулин

Өңірдегі діни ұйымдар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды дамыту, конфессияаралық келісімді нығайту және қоғам игілігіне бағытталған бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері облыстағы Діни бірлестіктер басшылары клубының кезекті мәжілісінде талқыланды.

Жиын мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы байланысты нығайтып, қоғамдық тұрақтылық пен рухани келісімді сақтау бағытындағы жұмысты жетілдіруді көздеді.

Клуб отырысында үш бағытқа ерекше назар аударылды. Алғашқысы – діни бірлестіктер мен Дін істері басқармасы арасындағы тікелей байланысты күшейту. Осыған байланысты әрбір діни ұйымда басқармамен тұрақты байланыс орнататын жауапты тұлғаларды бекіту ұсынылды.

– Жалпы, облыста 11 конфессия жұмыс істейді. Сол конфессиялардың барлығының басшыларын жинап, тоқсан сайын тұрақты түрде кездесулер өткіземіз. Быыл бұл кездесу 14-ші жыл қатарынан ұйымдастырылып отыр. Бүгін



біз клубтың 54-ші отырысын ашып отырмыз, – деді облыстық Дін істері басқармасының басшысы Ерболат Ошақбаев.

Оның айтуынша, аймақта діни ахуал тұрақты. Қазіргі таңда барлық конфессиялармен өзара түсіністік пен ынтымақтастық негізінде тығыз жұмыс жүргізілуде. Жуырда Құрбан айт мерекесі өтіп, православ қауымының Пасха мерекелері ұйымдастырылды. Осындай іс-шаралардың барлығында басқарма ұйымдастыру жұмыстарына қолдау көрсетіп, өз үлесін қосып келеді.

– Кездесуде діни бірлестіктерге қойылатын заңнамалық талаптар, нормативтік құжаттар, өзара ынтымақтастықты дамыту, клуб жұмысының тиімділігін арттыру, оның құрамын кеңейту және жаңа форматтағы іс-шараларды өт-

кізу мәселелері талқыланды. Мақсатымыз – діни бірлестіктермен өзара түсіністік пен сенімге негізделген серіктестікті нығайту. Олар көтерілген мәселелерді дұрыс түсініп, ортақ мақсат жолында бірлесіп жұмыс істейді деп сенеміз, – деді басқарма басшысы.

Сонымен қатар облыстың бас имамы Думан Нәдірұлы, Өскемен қаласы мен Самар ауылындағы православие шіркеулерінің настоятелі иеромонах Севастиан, «Шығыс Қазақстан облысының еврей діни қауымдастығы» жергілікті діни бірлестігі басшысының орынбасары Евгений Леонов және С.Аманжолов атындағы ШҚУ профессоры, заңгер Қуат Рахимбердин өз баяндауларында мәдени, спорттық және қайырымдылық бағыттағы ортақ жобаларды іске асыру

мүмкіндіктерін талқылады.

– Жалпы, мұндай отырыстардың мәні мен маңызы зор. Ислам тарихына көз жүгіртсек, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Мәдина қаласына қоныс аударған кезде, онда мұсылмандармен қатар христиан және яһуди діндерінің өкілдері де өмір сүрген. Сол кезеңде тарихта «Мәдина конституциясы» деп аталатын маңызды құжат қабылданды. Бұл құжат әртүрлі дін өкілдерінің бір қоғамда бейбіт әрі тату өмір сүруінің құқықтық негізін қалыптастырған алғашқы құжаттардың бірі болды. Сондықтан ислам діні – бейбітшілік пен татулықтың діні. Дініміз қай ортада болмасын, өзге дін өкілдерімен сыйластықта, өзара түсіністік пен татулықта өмір сүруге үндейді. Қасиетті Құранда: «Ұа, адамзат! Сендерді бір ер мен бір әйелден жараттық және бір-бірлеріңді тануларың үшін ұлттар мен ұлыстарға бөлдік. Алланың алдындағы ең ардақтыларың – тақуаларың», – деп айтылған. Бұл аят адамзаттың түп-тамыры бір екенін және адамдардың өзара татулық пен бірлікте өмір сүруінің маңыздылығын көрсетеді. Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы да: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деп, адам баласын бірлікке, сүйіспеншілікке және әділеттілікке шақырған, – деді облыстың бас имамы Думан Нәдірұлы.

Басқосуда жас ұрпақты тәр-

биелеу мәселесі де ерекше назарға алынып, бұл – әрбір діни бірлестіктің маңызды міндеттерінің бірі екені айтылды.

– Біз жастарды қоғамға бейімдеу, суицидтің алдын алу секілді өзекті мәселелерді тұрақты түрде көтеріп келеміз. Өкінішке қарай, қазіргі қоғамда жастардың түрлі қауіп-қатерлерге ұшырауы жиілеп отыр. Сондықтан бұл мәселелер біздің ортақ жұмысымыздың маңызды бағытарының бірі болып саналады. Осы мақсатта жастар клубтары мен түрлі орталықтар жұмыс істейді. Онда жастар отбасылық, тұрмыстық және әлеуметтік мәселелерді талқылап, білікті дін қызметкерлерінен кеңес ала алады. Қажет болған жағдайда психологиялық және рухани қолдау көрсетіледі. Мұндай көмек адамдардың қиын жағдайда асығыс әрі ойланбай шешім қабылдауына жол бермей, дұрыс бағыт табуына ықпал етеді. Суицидтің алдын алу мәселесі әскери бөлімдерде де талқыланып келеді, – деді Өскемен қаласы мен Самар ауылындағы православие шіркеулерінің настоятелі иеромонах Севастиан.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай диалог алаңдары діни бірлестіктер мен мемлекеттік құрылымдардың өзара түсіністігін арттырып, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайта түседі.

#ТЫЛСЫМ

Дежавю дегеніміз не?

✍ Балауса
ОРАЗАЛЫҚЫЗЫ

Болып жатқан оқиғаны бұрын-соңды басыңыздан өткеріп немесе түсіңізде көрген секілді күй кешіп көрдіңіз бе? Мұндай құбылыс ғылымда «дежавю» деп аталады. Бүгін осы бір қызық феноменді бірге талдап көрейік.

Дежавю – қазіргі болып жатқан сәттің бұрын да болғандай сезім қалдыруы. Ғалымдардың пікірінше, бұл құбылыс адамдардың шамамен 60–70 пайызында кемінде бір рет кездеседі, ал кей деректер бойынша 90 пайыздан астам адам өмірінде дежавю сезімін бастан өткереді екен. Әдетте дежавю сезімі шамамен 5–10 секундқа дейін ғана созылады.

Нейрологтардың зерттеулеріне сүйенсек, бұл құбылыс ми жұмысына тікелей байланысты. ХХ ғасырдың ортасында нейрохирург Уайлдер Пенфилд эпилепсиямен ауыратын науқастардың миын зерттеу кезінде, миға әлсіз электр импульсі берілгенде адамдардың «бұрын көргендей» әсер алғанын байқаған. Кейінгі зерттеулер дежавюдің мидағы гиппокамп аймағымен байланысты екенін көрсетеді. Гиппокамп – бұл естеліктерді сақтап, өткен мен бүгінді ажыратуға жауап

беретін ми бөлігі. Ғалымдардың түсіндіруінше, егер ақпарат өңделуінде аздаған кідіріс немесе сәйкессіздік болса, ми қазіргі сәтті «ескі естелік» ретінде қате қабылдауы мүмкін. Міне дәл сол кезде дежавю сезімі пайда болады екен.

Тағы бір маңызды фактор – стресс, шаршау және миға түсетін ауырлық. Бұл жағдайлар дежавю жиілігін арттыруы мүмкін деп саналады. Психологияда бұл құбылысты Зигмунд Фрейдтің көзқарастарымен де байланыстырып жатады. Ол түстер мен бейсаналы естеліктер адамның шынайы өмірді қабылдауына әсер етуі мүмкін деген тұжырым білдірген. Ал кейбір эзотерикалық көзқарастар дежавюді реинкарнациямен байланыстырады, бірақ бұл ғылыми тұрғыда толық дәлелденбеген.

Бұл құбылысқа қатысты тағы бір қызық жайт – ол тек белгілі бір адамдарда ғана емес, әртүрлі жас кезеңдерінде де әрқалай байқалуы мүмкін. Кей зерттеулерге сүйенсек, дежавю көбіне жастарда, әсіресе 15 пен 25 жас аралығында жиі кездеседі. Ғалымдар мұны мидың ақпаратты тез өңдеуімен және жаңа тәжірибелердің көп болуымен байланыстырады. Сонымен қатар, дежавю көбіне таныс емес ортада немесе жаңа бір ортаға барған кезде жиі пайда болады. Себебі ми жаңа ақпаратты бұрынғы естеліктермен салыстыруға ты-


рысады.

Нейробиологтар дежавюді тек қана «тылсым сезім» емес, керісінше мидың қалыпты жұмыс процесінің қысқа мерзімді ауытқуы ретінде қарастырады. Яғни бұл дегеніміз – мидың ақпаратты өңдеу кезінде екі түрлі сигналдың бір сәтте қақтығысып қалуы. Бір қызығы, дежавюдің керісінше түрі де бар деген пікір айтылады. Ол – адамның бұрын соңды көрген немесе болған жағдайды мүлде танымауы. Бұл құбылыс «жамевю» деп аталады және ол өте сирек кездеседі.

Кей ғалымдардың пікірінше, жамевю кезінде адам бұрын таныс болған нәрсені мүлде бөтен, бейтаныс құбылыс ретінде қабылдайды. Яғни ми «бұл нәрсе маған өте таныс» деген сигналды керісінше өңдеп жібереді. Нейропсихологияда бұл құбылыс көбіне ми шаршаған кезде немесе назардың уақытша басқа жаққа бөлінуі кезінде пайда болуы мүмкін деп түсіндіріледі. Яғни ақпарат мида бар болса да, оны тану механизмі сәтсіз жұмыс істеуі мүмкін.

Ең қызығы, дежавю мен жамевю бір-біріне қарама-қарсы құбылыстар болып саналады. Бірінде адам «мен мұны бұрын көргенмін» деп сезінсе, екіншісінде «мен бұл жерді, бұл адамды мүлде танымаймын» деген әсер пайда болады.

Кейбір зерттеушілер бұл екі құбылысты адамның есте сақ-



тау жүйесінің күрделі жұмысының нәтижесі деп қарайды. Өйткені ми әр секунд сайын мыңдаған ақпаратты өңдеп, олардың арасынан маңыздысын ғана сақтап алады. Сондықтан дежавю да, жамевю де – жадымыздың қалай жұмыс істейтінін көрсететін ерекше сигналдар ретінде қарастырылады.

Қазіргі кезде ғалымдар бұл феноменді толық түсіндіретін бір ғана ортақ теория жоқтығын айтады. Сол себепті бұл әлі де зерттеліп жатқан, толық жауабы табылмаған құпия сезімдердің бірі болып қала береді.

Бірақ бұл құбылыстар тек есте сақтау жүйесімен ғана емес, адамның қабылдауымен де тығыз байланысты. Ғалымдардың пікірінше, біз әлемді бірден «шынайы күйінде» көрмейміз, керісінше ми оны миллисекундтар ішінде өңдеп барып бірақ қабылдайды. Сол

қысқа уақыт аралығындағы кідіріс кейде осындай ерекше сезімдерге әкелуі мүмкін.

Тағы бір қызық дерек – дежавю мен жамевю тек адамдарда ғана емес, жануарларда да болуы мүмкін деген болжамдар бар, бірақ оны нақты дәлелдейтін ғылыми зерттеулер әлі жеткіліксіз. Қазіргі таңда нейроғылым бұл құбылыстарды зерттеу аясында жасанды интеллект пен ми сигналдарын салыстыру әдістерін де қолдануда. Себебі мидың ақпарат өңдеу логикасын түсіну – адам санасының жұмысын түсінуге жақындатады.

Ал сіз қалай ойлайсыз, біз көріп, сезіп жүрген дүниелер шынымен де дәл сол сәтте болып жатыр ма, әлде миымыз оны сәл де болсын өзгертіп барып бірақ қабылдай ма? Не болмаса бұл біздің санамыздың бізге беріп жатқан қандай да бір белгісі болуы мүмкін бе?

#ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ

Жер бөлу кезінде заң талаптары бұзылған

Шығыс Қазақстанда заңнама талаптарын бұза отырып қабылданған жер комиссияларының шешімдері азаматтарға жер учаскелерін беруден негізсіз бас тартуға себеп болған. Бұзушылықтарды Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ШҚО бойынша департаменті өңір тұрғындарының өтініштерін қарау барысында анықтады.

Жыл басынан бері департамент тарапынан 48 қызмет алушының құқығы қалпына келтірілді. Бұл жұмыс мемлекеттік органдар шешім қабылдау кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен заңдылықтың сақталуын жүйелі бақылау аясында жүргізілуде.

Ең елеулі жағдайлардың бірі Марқакөл ауданында тіркелді. Тұрғындар жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскесін беруден бас тартыл-



ғаннан кейін шағыммен жүгінген.

Жүргізілген тексеру барысында Жер кодексі талаптарының өрескел бұзылғаны анықталды. Атап айтқанда, жер комиссиясы қажетті кворум болмаған жағдайда шешім қабылдаған. Заңнамаға сәйкес комиссия мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысуға тиіс болса, іс жүзінде тоғыз мүшенің тек үшеуі ғана қатысқан.

Бұдан бөлек, лауазымды тұлғалар өтініш берушілерге бас тарту туралы шешім қабылдар алдында міндетті тыңдау рәсімін өткізбеген. Бұл Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс талаптарына қайшы келеді және азаматтардың өтініштерінің объективті қаралу құқығын бұзады.

Тексеру қорытындысы бойынша департамент қабылданған шешімдерді қайта қарауды талап етті. Нәтижесінде азаматтардың құқықтары қалпына келтіріліп, өтініштері қайта қарауға жіберілді.

Осындай жағдай Катонқарағай ауданында да анықталды. Қызмет алушыларға жер телімдерінің бос еместігі және жобалау жұмыстарының жүргізілуі себеп ретінде көрсетіліп, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскесін беруден бас тартылған. Алайда тексеру барысында мұндай бас тартуға жеткілікті негіздердің болмағаны белгілі болды.

Департаменттің араласуынан кейін шешім қайта қаралып, өтініш берушілер жер комиссиясының оң қорытындысын алды. Ал кінәлі тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Анықталған фактілер жер саласындағы заңнаманың сақталуын тұрақты бақылаудың маңыздылығын көрсетеді. Бұзушылықтарға дер кезінде ден қою азаматтардың құқықтарын қорғауға, мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыруға және қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

Ержан Айқымбеков,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі ШҚО бойынша департаментінің басшысы

#ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

Сыйлық сертификаты «күйіп» кетпейді

✍ Ержан ӘБІШ

Соңғы жылдары сыйлық сертификаттары мерекелік тартулардың ең танымал түріне айналды. Бірі жақынына дүкеннен зат таңдау еркіндігін бергісі келеді, енді бірі қызмет түрін пайдалануға мүмкіндік сыйлайды. Алайда көпшіліктің көкейінде бір сауал бар: сертификат пайдаланылмай қалса, оған төленген ақшаны қайтаруға бола ма?

Жуырда облысымызда осы мәселеге қатысты қызықты оқиға орын алды. Өңір тұрғыны пайдаланылмаған сыйлық сертификаты үшін төленген 120 мың теңгені қайтара алмай, құзырлы органға жүгінуге мәжбүр болған.

Тұтынушы бір компанияның қызметін пайдалануға құқық беретін сыйлық сертификатына ие болған. Алайда түрлі себептерге байланысты белгіленген мерзім ішінде қызметті пайдаланып үлгермеген. Осыдан кейін ол кәсіпкерге жүгініп, сертификат үшін төленген қаражатты қайтаруды сұрайды.

Бірақ дүкен өкілдері ақшаны қайтарудан бас тартқан. Олардың уәжі бойынша, қаражатты қайтару үшін міндетті түрде кассалық чек қажет болған. Ал тұтынушының қолында сатушының атауы мен сатып алу фактісін растайтын штрих-коды бар сертификаттың өзі болған.

Мәселенің мән-жайын анықтау үшін облыстық сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау департаменті іске араласқан. Мамандар кәсіпкерге сыйлық сертификатының заңдық мәртебе-



сін түсіндірген.

Шын мәнінде, сыйлық сертификаты – болашақта алынатын тауар немесе қызмет үшін алдын ала төленген қаражатты растайтын құжат. Яғни, сертификаттың артында нақты ақша тұр. Сондықтан қызмет көрсетілмесе немесе тауар берілмесе, кәсіпкердің бұл қаражатты өзінде қалдыруына заңды негіз жоқ.

– Сыйлық сертификаты алдын ала төлем енгізілгенін растайды. Заңға сәйкес көрсетілмеген қызмет немесе ұсынылмаған тауар үшін төленген ақшаны ұстап қалуға болмайды. Кәсіпкердің ішкі ережелері заң талаптарына қайшы келмеуге тиіс, – дейді облыстық тұтынушылар құқықтарын қорғау департаменті басшысының міндетін атқарушы Андрей Троеглазов.

Дүкен сапасыз тауардың ақшасын қайтарып берді

✍ Арман САПАРҒАЛИ

Дүкен сөресіндегі жаңа аяқ киімнің сапалы болып шығатынына ешкім кепілдік бере алмайды. Әсіресе ақау бірден емес, пайдалану барысында анықталса, тұтынушы үшін мәселе күрделене түседі. Дегенмен заң талаптарын білу мен өз құқығын талап ете білу көптеген даулы жағдайды сотқа жеткізбей шешуге мүмкіндік береді.

Жуырда облысымызда орын алған оқиға осының айқын дәлелі болды. Өңір тұрғыны дүкеннен аяқ киім сатып алған. Бастапқыда сырт көзге мінсіз көрінген бұйымды киген кезде оның жасырын ақауы анықталған. Аяқ киімнің ұлтарағының астынан өткір металл қапсырма шығып тұрған. Мұндай кемшілік жай ғана қолайсыздық туғызумен шектелмейді. Ол адамның аяғын жарақаттап, денсаулығына қауіп келтіруі мүмкін.

Тұтынушы мәселені өршітпей, алдымен сатушымен өзара келісім арқылы шешуге тырысқан. Ол сатып алу-сату шартын бұзып, ақшасын қайтаруды талап етеді. Алайда сатушы тарапынан қарсылық болған. Дүкен өкілдері шығып тұрған металл қапсырманы ақау деп санамай, ақшаны қайтарудан бас тартқан.

Мұндай жағдайда заң не дейді? Тұтынушы құқығын қорғау туралы заңның 15-ші бабына сәйкес сапасы тиісті талаптарға сәйкес келмейтін тауар сатылған жағдайда сатып алушы шартты бұзуға және төленген қаражатты толық

көлемде қайтаруды талап етуге құқылы. Сарапшылардың пікірінше, аяқ киімнің ішінде орналасқан әрі пайдалану кезінде жарақат салуы мүмкін металл элемент өнімнің кемшілігі болып есептеледі.

Осы мәселе бойынша облыстық сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау департаментіне өтініш түскен. Мемлекеттік орган мамандары сатушымен түсіндіру жұмысын жүргізіп, қолданыстағы заңнама талаптарын және оларды сақтамаған жағдайда туындайтын жауапкершілікті еске салған.

– Тұтынушыға сапасыз тауар сатылған жағдайда оның қаражатын қайтару немесе тауарды ауыстыру құқығы заңмен қорғалады. Әрбір азамат өз құқығын біліп, оны талап ете алуы қажет, – дейді департамент басшысының міндетін атқарушы Андрей Троеглазов.

Нәтижесінде дау сотқа жетпей шешілді. Сатушы өз ұстанымын қайта қарап, тұтынушыға аяқ киім үшін төлеген 23 275 теңгені қайтарды.

Бұл оқиға қарапайым көрінгенімен, маңызды мәселеге назар аудартады. Көп жағдайда азаматтар уақыт жоғалтудан немесе нәтижеге сенбеуден қорқып, өз құқықтарын қорғауға ұмтылмайды. Ал заң талаптары сақталған жерде тұтынушы мүддесін қорғаудың нақты тетіктері бар.

Нарықтағы адал бәсекелестік те, сапалы қызмет көрсету де тұтынушы құқығының қорғалуынан басталады. Сондықтан сатып алынған тауарда кемшілік анықталса, үнсіз қалмай, заң аясында әрекет ету әрбір азамат үшін маңызды.

Мемлекеттік органның араласуынан кейін дау сотқа жеткізілмей шешілді. Кәсіпкер тұтынушыға 120 мың теңгені толық көлемде қайтарды.

Бұл оқиға көптеген азамат үшін маңызды сабақ болуы мүмкін. Кейбір дүкендер мен қызмет көрсету орындары сертификат мерзімі өткеннен кейін оның күші жойылады деп есептейді немесе ақшаны қайтарудан бас тартады. Алайда мұндай жағдайда тұтынушы заңмен қорғалатынын ұмытпаған жөн.

Мамандардың айтуынша, сыйлық карталары мен сертификаттары қарапайым қағаз емес, тауар немесе қызмет үшін алдын ала төленген қаражаттың баламасы болып саналады. Сондықтан азаматтар өз құқықтарын біліп, қажет болған жағдайда оны қорғаудан тартынбауы керек.

Өскемен қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 4 мамырдағы № 1638 «Өскемен қаласының тұрғын үй қорын реновациялаудың 2024–2029 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысының жобасына баспасөз-релизі

Қаулы жобасы Өскемен қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 4 мамырдағы № 1638 «Өскемен қаласының тұрғын үй қорын реновациялаудың 2024–2029 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысын жаңа Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне сәйкестендіру мақсатында әзірленді және конституциялық нормалар мен қағидаттарды іске асыруға, заңнаманы жетілдіруге әрі оны біркелкі қолдануды қамтамасыз етуге бағытталған.

Аталған нормативтік құқықтық акт бюджеттен қаржылық шығындарды талап етпейді және теріс әлеуметтік-экономикалық әрі құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды. Реттеушілік әсерге талдау жүргізу талап етілмейді. Жобаны іске асыру мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржылық шығындарды қажет етпейді, кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне әсер етпейді және жеке және заңды тұлғалар үшін әкімшілік кедергілер туғызбайды.

Шешім жобасы Өскемен қаласы әкімінің аппараты сайтының «Құжаттар» бөлімінде орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-oskemen/documents/details/1024338?lang=ru>.

«Өскемен қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 10 қаңтардағы № 83 «Өскемен қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Шығыс Қазақстан Облысы Өскемен қаласы әкімдігі қаулысының жобасына баспасөз релизі

Шығыс Қазақстан Облысы Өскемен қаласы әкімдігінің «Өскемен қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 10 қаңтардағы № 83 «Өскемен қаласының тұрғын үй-қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй» Заңына сай 2024 жылғы 22 қарашадағы № 138-VIII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінде тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңын сәйкестендіру мақсатында әзірленді.

Осы нормативтік құқықтық акт жергілікті бюджеттер шығыстарын ұлғайтуды және түсімдерін ұлғайтуды көздемейді. Реттеушілік әсерді талдау жүргізу қажет емес.

Өскемен қаласы әкімдігінің сайтында құжаттар бөлімінде орналастырылды: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-oskemen/documents/details/1022219?lang=ru>

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

2026 жылғы 29 маусымнан бастап «ШҚО, Ұлан ауданы, Қ.Қайсенов кентінен солтүстік-шығысқа қарай 2 км жерде «LB1000 асфальт зауыты» мекенжайы бойынша асфальт-бетон зауытын, бетон қоспаларын өндіруге арналған торапты, тұрмыстық және қойма үй-жайларын салу» жобасы бойынша 5 жұмыс күні ішінде қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады, <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> ескертулер мен ұсыныстар беру үшін «жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде. Жобаның тапсырыс берушісі: «КШТ-Строй» ЖШС, 070012, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Меновное ауылы, Кооперативный түйік көшесі, №27/1, 120340009791 ғимарат, Қасенов Қуаныш Қасенұлы, 87055022141, vko_dorstroi@mail.ru

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ШҚ-ЭКО» УЕҰ «Сынақ Зертханасы» ЖШС. Мекенжайы: 070003, Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы, Потанин көшесі, 12, e-mail: vk-eco@mail.ru. телефон: +7 (7232) 76-52-32, 76-62-22. Жергілікті атқарушы орган - «Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Өскемен қаласы, Б. Керімбаев көшесі, 19, тел. 8 (7232)25-70-82, g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru>.

ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША 2026-2031 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАР


«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына, 13-бабына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 «Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 29 шілдедегі № 145 «Ауыл шаруашылығы жануарларын жаяудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 29 шілдедегі № 263 «Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі үлгілік жоспарды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Өскемен қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Өскемен қаласы бойынша 2026-2031 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар бекітілсін;

2. Өскемен қалалық мәслихатының 2024 жылғы 12 қыркүйектегі № 25/5-VIII «Өскемен қаласында жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған жоспарды іске асыру туралы» шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

Өскемен қалалық мәслихатының төрағасы А. Светаш



ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

20.07.2026 ж., сағат 11.00-де, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Зайсан қ.ә., Зайсан қ., Шаймардан к-сі, 14 мекенжайындағы Мәдениет үйі ғимаратында «Қалбатау-Майқапшағай» (ҚХР-ға шығу) республикалық маңызы бар автомобиль жолының 906-1321 шақырымын қайта жаңарту үшін пайдаланылатын Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданында орналасқан «Зайсан-КГС» және «Зайсан-КГС-Р» учаскелерінде көң таралған пайдалы қазбаларды өндіру кезінде бұзылған жерлерді қалпына келтірудің жұмыс жобасы» бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдаулар өткізіледі:

Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03CMgTp2oURvw5K5QzTmmVrQNi0TG.1>

Конференция идентификаторы: 677 493 52 75

Кіру коды: YZ1mBb

Белгіленген қызметтің бастамашысы: Қазақстан Республикасындағы «Қытайдың Синьсин құрылыс және даму компаниясы» ЖШС филиалы. БСН: 151241001558. Мекенжайы: Астана қаласы, Есіл ауданы, Баян-Сұлу көшесі, 13/1, тел. 87710225639, e-mail: URIST-SINSIN@MAIL.RU

Әзірлеуші: «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН: 110440009773. Мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қ., Көшек батыр к-сі, 165. Тел. +77474676274, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7232) 25-75-46. Ресми интернет-ресурс <https://ndbecology.gov.kz/> және d.babakanova@akimvko.gov.kz электрондық мекенжайына мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

Қоғамдық тыңдаулар ашық отырыс нысанында өткізіледі:

1. **«ОблШығысЖол» ЖШС** үшін «Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданында орналасқан Ертіс 1 кен орнында тас-киршықтас-құм қоспасын өндіруге арналған тау-кен жұмыстары жоспарының» әсер етуіне экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар;

2. Әсер ету аймағы:

Географиялық координаттар:

р/н № Ш.б. С.Е.

1	82° 25' 34,04»	50° 2' 5,94»
2	82° 25' 40,57»	50° 2' 9,89»
3	82° 25' 59,36»	50° 1' 57,36»
4	82° 25' 52,83»	50° 1' 53,40»

3. 2026 жылы 27 шілде сағат 10.00-де ШҚО, Глубокое ауданы, Ертіс а.о., Прапорщиково а., Школьная к-сі, 20 үй, (әкімдік) мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі;

4. «ОблШығысЖол» ЖШС, (БИН 080240021886). Мекенжайы: ШҚО, Глубокое ауданы, Ертіс ауылдық округі, Прапорщиково ауылы, есептік квартал 064, құрылыс 3, тел. 8 (7232) 57 48 49, E-mail: oblshygyzshol@mail.ru;

5. Әзірлеуші «ГЕО VOSTOK» ЖШС, (БИН 211040015757). Мекенжайы: ШҚО, Өскемен қ., Қазыбек би даң., 18-25. тел. 8(778)-778-09-17, E-mail: baysu.too@mail.ru;

6. Жобалық құжаттама <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> ақпараттық жүйеде «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған;

7. Қосымша ақпаратты тапсырыс берушінің – oblshygyzshol@mail.ru электронды мекенжайы және 8 (7232) 57 48 49 телефоны бойынша алуға болады;

8. Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: ndbecology.gov.kz, d.babakanova@akimvko.gov.kz. ТРБ почтасына.

Тыңдауларға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет <https://us05web.zoom.us/j/2137154444?pwd=YOM2t6nC3jSvla6Xi0LVi3B79GYnjr.1&omn=83378744237>

Конференция идентификаторы: 213 715 4444

Күпия сөз: 12345678

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 5 минут бұрын, жеке куәлікті көрсеткен кезде басталады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

Ахметова А.Б. қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларының талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 26 маусым мен 2 шілде аралығында «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» порталында (<https://ndbecology.gov.kz/>) (бұдан әрі – ҚОЖ және ТР ҰДБ) «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде «ШҚО, Ұлан ауданы, Өскемен қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 4,3 км жерде орналасқан жол бойындағы сервис құрылысы» жобалық құжаттамасында көзделген жоспарланып отырған қызмет бойынша жария талқылаулар түріндегі **қоғамдық тыңдаулар** өткізілетінін хабарлайды.

Жұртшылық өкілдері қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен ҚОЖ және ТР ҰДБ порталындағы «Жарияланған жария талқылаулар» бөлімінде (<https://hearings.ndbecology.gov.kz/Disscusion/DisPublic>) таныса алады, сондай-ақ өз ескертулері мен ұсыныстарын білдіріп, қызықтырған сұрақтарын қоя алады.

Құттықтаймыз!



Өскемен қаласының тұрғыны, ардақты анамыз

**МҰХАМЕТХАНОВА
Дәмет Әлімжанқызын
80 жас мерейтойымен
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

Ардақты ана, асыл анам,

жан анам,

Сексен жасқа келдіңіз бе,

сая бағым?

Ақ шашыңның әр талына

қарызбыз,

Өзіңізді құрметтейді бар

балаң.

Тілек білдірушілер: балалары.

«Өскемен қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 11 қаңтардағы № 94 «Өскемен қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Өскемен қаласы әкімдігі қаулысының жобасына баспасөз релизі

«Өскемен қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 11 қаңтардағы № 94 «Өскемен қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Өскемен қаласы әкімдігінің қаулысының жобасын Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа ережелеріне сәйкестендіру мақсатында әзірленді және конституциялық нормалар мен қағидаларды іске асыруға, заңнаманы жетілдіруге, сондай-ақ оның біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Аталған нормативтік құқықтық актісі бюджеттен қаржылық шығындарды талап етпейді және теріс әлеуметтік-экономикалық әрі құқықтық салдарға әкел соқтырмайды. Реттеушілік әсерге талдау жүргізу талап етілмейді. Жобаны іске асыру мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржылық шығындарды қажет етпейді, кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне әсер етпейді және жеке және заңды тұлғалар үшін әкімшілік кедергілер туғызбайды.

Шешімнің жобасы Өскемен қаласы әкімінің аппараты сайтының «Құжаттар» бөлімінде орналастырылған:

СІЛТЕМЕ:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-oskemen/documents/details/1023626?lang=ru>
<https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-oskemen/documents/details/1023626?lang=kk>

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Dala Metall» ЖШС 2026 жылғы 31 шілдеде сағат 11:00-де ШҚО, Риддер қаласының Пригородный ауылдық округі, Поперечное ауылы, Новая көшесі, 32-үй (клуб ғимараты) мекенжайында «Старковское кен орнындағы алтын-полиметалл кендерін барлау жоспарына» қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін әзірленген (ЭНЖ, ӨЭБ, ҚББ, ӨІ-ШЖ) материалдары бойынша ашық жиналыс түріндегі **қоғамдық тыңдаулар** өткізілетінін хабарлайды.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады.

Сонымен қатар, ZOOM платформасында бейнеконференц-байланыс арқылы онлайн режимінде қоғамдық тыңдау деректерін өткізу мүмкіндігі бар.

Тыңдауларға қатысу үшін сілтеме бойынша өту керек <https://us04web.zoom.us/j/75407148322?pwd=wE0EBHbmbT6b3rdqQpSYmOm52d3BKs.1>

Чат конференциясына сілтеме

<https://us04web.zoom.us/jc/75407148322>

Конференция идентификаторы: 754 0714 8322

Қол жеткізу коды: 6f13Th

Жобаға тапсырыс беруші: «DalaMetall» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 62 үй, 466 пәтер, индекс 010000. БСН: 240840014552. e-mail: ser_1001@mail.ru, тел.: 8(701)6736002.

Жобаны әзірлеуші: «GREENGEO» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Ә.Қашаубаев, 32А. тел. 87055222251, БСН 230640018348, e-mail: toogreengeo@mail.ru, байланыс тұлғасы: Акулова О. А.

Жергілікті атқарушы орган – «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, тел. 87475497781

Жоба бойынша құжаттама НБД СОС и ПР <https://hearings.ndbecology.gov.kz> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?land=ru>, «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде.

Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын эл.мекенжай: e-mail:d.babakanova@akimvko.gov.kz, тел. 87713770768, ndbecology.gov.kz.

Жоба материалдарымен қағаз түрінде Өскемен қаласы, Ә.Қашаубаев көшесі, 32А мекенжайы бойынша танысуға болады.

Ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесін көруге болатын электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: e-mail: TastanbekovaDS@solidcore-resources.kz, oksanabaston@mail.ru, тел: 87056022393.

Учаскенің географиялық координаттары және бұрыштық нүктелер бойынша әсер ету аумағының географиялық координаттары (солтүстік ендік/ шығыс бойлық):

- 83°51' 0»/50°27' 0»
- 83°52' 0»/50°27' 0»
- 83°52' 0»/50°26' 0»
- 83°55' 0»/50°26' 0»
- 83°55' 0»/50°23' 0»
- 83°53' 0»/50°23' 0»
- 83°53' 0»/50°22' 0»
- 83°51' 0»/50°22' 0»

Altainews

MEDIA CENTRE

«ALTAI-NEWS» МЕДИА-ОРТАЛЫҒЫ

«DIDAR» ГАЗЕТІНІҢ

PDF-НҰСҚАСЫНА ЖАЗЫЛУ

БАСТАЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ!

Электронды нұсқаны өз e-mail поштаңызға алу үшін бірнеше қарапайым қадам жасау қажет:

1) QR-кодты сканерлеңіз немесе интернет-браузер арқылы www.didargazeti.kz сайтына өтіңіз.

2) didargazeti.kz сайтындағы «Газетке жазылу» бөліміне кіріп, ұсынылған үш нұсқаның бірін таңдаңыз:

12 АЙҒА,

6 АЙҒА,

3 АЙҒА

DIDAR

Магазин

DIDAR

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ АҚПАРАТ КОМИТЕТІНДЕ ТІРКЕЛІП, 2025 ЖЫЛҒЫ 26 НАУРЫЗДАҒЫ №KZ11VPY00115455 КҮӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

«DIDAR» ГАЗЕТІ – ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ГРАНТЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТИКА АКАДЕМИЯСЫ «АЛТЫН ЖҮЛДЫЗ» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ.

Мекенжай: 070003, Өскемен қаласы, Гоголь көшесі, 36.

«ALTAI-NEWS» МЕДИА-ОРТАЛЫҒЫ ЖШС

Бас директоры
Арсений ДҮЙСЕНОВ

Контент-редактор
Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 8(7232)75-17-97

Жарнама бөлімі:
8-777-239-76-82,
8(7232) 75-28-22,
e-mail: marketing@altaynews.kz

«DIDAR» газетінің сайты:
www.didargazeti.kz
+7 777 239 7682

Жарияланған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін.

Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді.

Белгісі қойылған материалдар коммерциялық негізде жарияланады.

Материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға тыйым салынады.

Газет
«Дом печати» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Павлодар облысы,
Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143.

Көлемі 4
баспа табақ.
Газет аптасына
бір рет шығады.
Таралымы 3700
Тапсырыс №25

Altainews

MEDIA CENTRE

21000125790822>

DIDAR газеті 12 айға жазылу

6000,00 ₸

В корзину

DIDAR газеті 6 айға жазылу

3000,00 ₸

В корзину

DIDAR газеті 3 айға жазылу

1850,00 ₸

В корзину

Егер сіз тек соңғы нөмірін сатып алғыңыз келсе, didargazeti.kz сайтының басты бетінде **«PDF ЭЛЕКТРОНДЫ ГАЗЕТ»** батырмасын басып, ұсынылған нұсқалардың бірін таңдаңыз.

Егер сіз электрондық нұсқамен бірге газеттің қағаз нұсқасын да алғыңыз келсе, тапсырыс рәсімдеу кезінде пошта мекенжайыңызды, тегіңізді көрсетіп, **«ТАПСЫРЫСЫҢЫЗҒА ЕСКЕРТ-ПЕ ҚОСЫҢЫЗ»** батырмасын басыңыз. Ашылған терезеге «Қағаз нұсқаны менің пошта мекенжайыма жеткізу» деп жазыңыз.

Баспасөз – 2026

DIDAR газетіне ЖАЗЫЛУ ЖҮРҮДЕ

	«Қазпошта» АҚ арқылы				Редакция арқылы				
Индекс	1 ай , теңге	3 ай, теңге	6 ай, теңге	12 ай, теңге	Индекс	1 ай , теңге	3 ай, теңге	6 ай, теңге	12 ай, теңге
19071 (жеке)	872	2616	5232	10464	19071 (жеке)	686	2058	4116	8232
19073 (жеңілдік)	832	2496	4992	9984	19073 (жеңілдік)	616	1848	3696	7392
19072 (мекеме)			8003	16006	19072 (мекеме)			5520	11040

Жұлдыз-жорамал (22 – 28 маусым)

ТОҚТЫ Бұл апта сізді күтпеген өзгерістермен қарсы алуы мүмкін. Көптен бері ойыңызда жүрген идеяны жүзеге асыруға батылдық табасыз. Айналаңыздағы адамдар сіздің бастамашылдығыңызды байқап, қолдау көрсетуі ықтимал.

ТОРПАҚ Сіз үшін бұл апта өмірдің қарқынын бәсеңдетіп, маңызды нәрселерге назар аударуды үйретеді. Кейбір жоспарлар кешігуі мүмкін, бірақ бұл сізге қосымша дайындалуға мүмкіндік береді. Апта соңында өзіңізге қуаныш сыйлайтын шағын сыйлық жасауға болады.

ЕГІЗДЕР Алдағы күндері жаңа адамдармен танысып, қызықты әңгімелердің ортасында жүресіз. Бұрын байланыс үзілген адамдар қайта хабарласуы мүмкін. Кәсіби салада күтпеген ұсыныс түсіп, таңдау жасауға тура келеді. Ақпаратты тексермей шешім қабылдамаңыз.

ШАЯН Бұл аптада өзіңізді бұрынғыдан да сенімді сезіне бастайсыз. Соңғы айларда жинақталған тәжірибе сізге дұрыс бағыт таңдауға көмектеседі. Қаржы мәселесінде үнемшілдік танытқан жөн. Отбасында қуанышты жаңалықтар болуы мүмкін.

АРЫСТАН Сіз үшін шабыт пен танылу кезеңі басталады. Қоғамдық ортада белсенділік танытып, жаңа таныстықтар орнатасыз. Жұмыста ерекше идеяларыңыз назарға ілігеді. Біреудің мақтауына емес, өз ішкі дауысыңызға сеніңіз.

БИКЕШ Бұл апта сізге күтпеген мүмкіндіктер әкелуі мүмкін. Бұрын тәуекел етпеген салада өзіңізді сынап көргіңіз келеді. Кәсіби тұрғыда маңызды ақпарат алып, оны тиімді пайдаланасыз. Денсаулыққа немқұрайлы қарамаңыз, ағзаңызға демалыс қажет болуы мүмкін.

ТАРАЗЫ Алдағы күндері өміріңізде тепе-теңдік орнату маңызды болады. Басқалардың мәселесін шешумен жүріп, өз қажеттіліктеріңізді ұмытып кетпеңіз. Қаржыға қатысты тиімді шешім қабылдауыңыз мүмкін. Достармен кездесулер жағымды эмоция сыйлайды.

САРЫШАЯН Бұл апта сіздің табандылығыңызды сынауы мүмкін. Кейбір адамдардың шынайы ниеті белгілі болады. Дегенмен, ішкі күшіңіз кез келген қиындықты жеңуге көмектеседі. Жұмыста жаңа міндеттер жүктеліп, тәжірибеңіз артады.

МЕРГЕН Сізді ерекше белсенді апта күтіп тұр. Жаңа бағыттарға қызығушылық артып, үйренуге деген құлшыныс күшейеді. Күтпеген сапар немесе ұсыныс түсуі мүмкін. Жұмыста батыл шешім қабылдаудан қорықпаңыз. Қаржы мәселесінде асығыстықтан аулақ болыңыз.

ТАУЕШКІ Бұл аптада өмірдің материалдық жағына ғана емес, рухани қажеттіліктеріңізге де көңіл бөлесіз. Болашаққа қатысты жоспарларды нақтылап, басымдықтарды қайта қарастырасыз. Жұмыста шыдамдылық танытқан адам ғана нәтижеге жетеді.

СУҚҰЙҒЫШ Алдағы күндер шығармашылық ойларға толы болады. Сізді шабыттандыратын адамдармен кездесіп, жаңа идеялар пайда болады. Кәсіби салада ерекше ұсыныс түсіп, қызықты өзгерістер басталуы мүмкін. Өз интуицияңызға сеніңіз.

БАЛЫҚ Бұл апта жүрек қалауын тыңдауға шақырады. Көптен бері кейінге шегерілген армандарыңызға қайта оралуыңыз мүмкін. Жұмыста сабыр сақтап, әр істі кезең-кезеңімен орындаған дұрыс. Қаржы мәселесінде сақтық танытыңыз.

БАҚ-тың меншік иесі:
«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС

«DIDAR» газеті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеліп, 2025 жылғы 26 наурыздағы №KZ11VPY00115455 куәлігі берілген.

«DIDAR» газеті – ҚР Президенті грантының және Қазақстан журналистика академиясы «Алтын жұлдыз» сыйлығының иегері.

Мекенжай: 070003, Өскемен қаласы, Гоголь көшесі, 36.

«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС

Бас директоры
Арсений ДҮЙСЕНОВ

Контент-редактор
Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 8(7232)75-17-97

Жарнама бөлімі:
8-777-239-76-82,
8(7232) 75-28-22,
e-mail: marketing@altaynews.kz

«DIDAR» газетінің сайты:
www.didargazeti.kz
+7 777 239 7682

Жарияланған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін.

Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді.

Белгісі қойылған материалдар коммерциялық негізде жарияланады.

Материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға тыйым салынады.

Газет
«Дом печати» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Павлодар облысы,
Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143.

Көлемі 4
баспа табақ.
Газет аптасына
бір рет шығады.
Таралымы 3700
Тапсырыс №25

Altainews

MEDIA CENTRE

21000125790822>